АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№33
(955)

Бейсенбі, 18 тамыз 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы

1997 жыл

№ 40. 24.10. 1997 ж. Айыртау ауданының әкімі Армия Әбілқайыров аудан жұртшылығын Республика күнімен құттықтады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 1998 жыл – Рухани келісім жылы деп жарияланды.

№ 45.7.11.1997 ж. Лобаново ауылында «Заря» кәсіпорынында ауыл тұрғындары үшін жаңа наубайхана ашылды. Наубайхананың салтанатты ашылуына аудан әкімі Армия Әбілқайыров қатысты.

№ 49.5.12.1997ж. «Өміршең шешім». Президент Жолдауында тұжырымдалған қағидаларға сәйкес жақында аудан әкімі А.Әбілқайыров қоғамдық орындарда, медициналық мекемелерде, әкімшілік үйлерінде, аудан аумағында орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдардағы кабинеттерде темекі шегуге тыйым салу туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ, кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдердің темекі бұйымдарын, спирттік ішімдіктер сатып алуына рұқсат етілмейтіндігі де атап көрсетілді.

Аудандық «Айыртау таңы» газеті. 1997 жыл

Бәрі де балалар үшін!

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ МЕКЕНІ

Бүгінгі күні бала оқытып, оны мектепке даярлау - ата-аналар алдындағы күрделі мәселелердің бірі.

Көпшілікті толғандырар осынау түйінді мәселені жеңілдету мақсатында еліміздің барлық аймақтарында 1 тамыздан бастап оқушылардың білімге қолжетімділігін толықтай қамтамасыз ету мақсатында осымен тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған жалпыреспубликалық «Мектепке жол» акциясы басталды.

Аталмыш шараның мақсаты – азқамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың жаңа оқу жылында түрлі әлеуметтік себептерге байланысты мектепке бара алмай қалуының алдын алу, жаппай білім берумен қамтылмай қалған балаларды анықтап, қолдау көрсету болып табылады.

Бұл игілікті шара тамыздың 16-ы күні біздің ауданымызда да өз бастауын алды. Аудандық әкімдіктің мәжіліс залына жиналған оқушылар мен олардың ата-аналары және ұстаздар қауымының алдында аудан әкімі Ағзам Тастеміров жыл сайынғы өткізіліп келе жатқан акцияның мақсатынан туындаған мәселелерге тоқтала келе, жас өрендерге жаңа оқу жылында толағай табыстарға жетуін тіледі.

Сонан соң аудан басшысы сахна төрінде №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының 3 сыныпоқушысы Әнес Альбинаға, Айыртау орта мектебінің 4 сынып оқушысы Ергешов Нұрсұлтанға және №1 Саумалкөл орта мектебінің 1 сынып оқушысы Әлхам Нұршолпанға мектепке қажетті сөмке мен оқу құралдарын, спорттық киімдер сыйлады.

Аудан басшысының игі бастамасын аудандық мәслихаттың хатшысы, Айыртау ауданы прокурорының міндетін атқарушы, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, аудан әкімінің орынбасарлары, ауданымыздың мемлекеттік мекемелері, кәсіпорын мен ұйымдарының басшылары, жеке кәсіпкерлер, мектеп директорлары және меценаттар залға жиналған сексенге тарта оқушыға мектепке қажетті заттарды салтанатты түрде тарту етті.

Шат күлкі, шадыман тіршіліктен ешкім де қалыс қалмауға тиісті. Бұл - тәуелсіз мемлекетіміздің басты құндылығы. Әр жыл сайын өткізіліп келе жатқан жалпыреспубликалық «Мектепке жол» акциясының әлеуметтік арнасы кеңігені де сондықтан. Отан өзінің кішкентай азаматтарын мейір-шапағаттан таса қалдырмайды. Балалар жүрегін қуанышқа бөлейтін дәстүрлі акция ауданымызда да кеңінен өткізіліп, жомарт та жайсаң азаматтар мен мекеме, кәсіпорын басшылары бұл игі шарадан тыс қалмай, барынша өз үлестерін қосады деген сенімдеміз. Кең жүрек қазақ азаматтары акция үшін ғана емес, кез келген уақытта қайырымдылықтың үлгісін көрсетері анық. Өйткені, біз жетімін жылатпағаң, жоқты жоқтатпағаң, бір-бірімізге қол созып, ынтымағы жарасқан елдің ұрпағымыз.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген Мария АНДРЕЕВА.

Бұл – біздің тарих

БОТАЙ – БАҒЗЫНЫҢ БІР БАЙЛЫҒЫ

Ботай ауылынан ежелгі адамдар қонысының табылуы бүкіл әлем ғалымдарының назарын аударған тосын оқиға болды. Себебі Ботай ауылының түбінде осыдан 5 мың жылдан артық уақыт бұрын ежелгі адамдар тұрғандығы дәлелденді. Сол арқылы біз тарих деңгелегін 53 ғасыр кейін айналдырдық деуге болады. Сонымен, Ботай мәдениетінің ашылуы Қазақстанның тарихын одан әрі ұлғайтты. Егер осы оқиғаға дейін өз тарихымыздың көлемін үш мың жыл деп келсек, енді оны бес мың жыл деп айтуға да мүмкіндік шығып келуде.

Демек, Ботай ауылы адамзат үшін Адам Атаның қонысы дерліктей киелі жер. Ол Қазақстандағы ерте дүние аймағының ең көне мекені. Киелі мекенді 1980-шы жылы археолог Виктор Зайберт ашқан болатын. Содан бері профессор Ботай қонысын міне 36 жыл бойы зерттеп келеді.

Өткен аптада, тамыздың 10-ы күні Қазақ Географиялық Қоғамының қатысуымен Ботай мәдениетінің археологиялық қазындылар лагерінде дала өркениетінің қайнар көзі болып есептелетін Ботай мәдениеті (б.з.д. IV мыңжылдықта) туралы деректі фильмінің түсірілуіне арналған баспасөз мәслихаты болып өтті. Аталмыш жиынға Канада, Дания, Ұлыбритания, Франция елдерінен археолог, генетиктер де қатысты.

Баспасөз мәслихатының кіріспесінде «Қазақ Географиялық Қоғамы» ҚБ төралқа мүшесі, «Shejire DNA» жобасының жетекшісі Нұрбол Баймұханов Қазақстанда тарих ғылымын алға бастырып, Ботай мәдениеті туралы түсірілетін фильмнің арқасында – тарихшылар, археологтар, генетиктер, антропологтар секілді түрлі ғалымдарды біріктіру болып табылатынын және бұл жобаның арқасында халықаралық тарихи ғылымның дамуына Қазақстанның өскелең рөлін байқауға болатынын атап өтті.

Фильмнің түсіріліміне Даниядан, Канададан, Ұлыбританиядан, Франциядан және Қазақстаннан келген ғалымдардың халықаралық командасы қатысады. Бұл Орландо Лудович, Алан Оутрам, Эске Виллерслев секілді археологтар мен генетиктер және Ботай мәдениетін бірінші болып ашқан – қазақстандық Виктор Зайберт.

Танымал канадалық продюсер, режиссер және антрополог Найоби Томпсонның жетекшілігімен «Clearwater Documentary» (Канада) телевизиялық компаниясы тарих, археология, генетика жайлы бірнеше ғылыми-танымал деректі фильмдер түсірген. Соның ішінде адамзаттың көші-қон қозғалысы туралы «Great Human Odyssey» / «Адамзаттың Ұлы Одиссеясы» атты танымал сериалы бар.

Баспасөз мәслихатында сөз алған продюсер Найоби Томпсон: «Бұл фильм 3 бөлімнен тұратын болады. Оны бүкіл әлем бойынша түсіреміз. Бірақ жылқы мен адам арасындағы қарым-қатынастың тарихы Солтүстік Қазақстанда, жазық далада басталады. Ботайлықтар әлемде ең алғашқылардың бірі болып атқа отырды. Осыдан кейін барлық өркениет басталды. Діттеген жерге жылдам жетуге мүмкіндік туды. Бұл адамның тағдырын түбегейлі өзгертті» - деді. Энеолит дәуіріне жататын Ботай тұрағы 20 гектар аумақты алып жатыр. Қоныс шамамен бір ғасырдан артық уақыт өмір сүрген. Қазба жұмыстары мұнда жыл сайын жүргізіледі. Археологтар көбіне қыш құмыралар, ыдыс-аяқтар мен жылқының сүйегін көптеп табуда. Адамдыкі сирек кездеседі дейді. Дегенменде, Ботай қонысын алғаш ашқан Виктор Зайберт мамыр айында осы тұрақты мекен еткен жанның сүйегін тауыпты. Тарих ғылымдарының докторы, жерлесіміз Виктор Зайберт:

- Мен бұл мәйітті тапқанда өзімнің шетелдік әріптестеріме хабарластым. Олар оны қайта көміп, осында келулерін күтуді сұрады. Себебі, жер астынан қазып алынған сүйектің гендік ақпараттары бүлініп қалуы мүмкін. Оны бірден зертханаға жөнелту қажет. Енді оның жасын, жынысын мамандар анықтайтын болады» - дейді.

Ұлыбританиялық полеозоолог Алан Оутрамның мамандығы - зооархеология. Бұл жылқының адам өмірінде алатын рөлін зерттейтін ғылымның бір түрі. Ол өзінің бір сөзінде: «Өздеріңіз білетіндей қамбар ата төлі алғаш рет Ботайда үйретілді. Сол себепті маған осы тұрақты зерттеу маңызды. Өйткені бұл қоныс дала өркенитенің бастауында тұр. Мұндағы археолог-ғалымдармен жұмыс жасауы жеңіл. Виктор Зайбертпен бұған дейін де бірнеше қазба жұмыстарын жүргізген болатынбыз» - деді.

Баспасөз мәслихаты аяқталысымен біз қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан Ботай қонысына аттандық. Ол жерде шетелдік ғалымдар мен ауданның Арықбалық және Лавровка орта мектептерінің оқушылары қазба жұмыстарымен айналысуда екен. Осы жолғы кезекті экспедицияға Литва Республикасынан Элина Ананьевская да келген. Зооархеолог Ботай тұрағына осымен бесінші рет ат басын бұрып отыр. Оның айтуынша, мұндағы құнды жәдігерлерді зерттеуге қызығушылығы ерекше артады екен.

Ботай қонысындағы түсірілімдер 5 күнге жалғасатын болады. Бұдан кейін канадалық мамандар Англия мен Монғолияға аттанбақшы.

Енді бұл деректі фильм екі-үш жылдан кейін жарыққа шығады. Оның премьерасы ең бірінші кезекте Канада, АҚШ, Франция және де Германия елдерінде өтеді. Ал бұл фильм қазақ және де орыс тілдерінде 2019 жылы қазақстандық көрермендерге жол тартады деп жоспарлануда.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суреттерді түсірген автор.

Алдыңғы толқын

ЕЛІ ҮШІН ТУҒАН АЗАМАТ...

Мен өзімнің ұстазым, Қызылжар өңірінің азаматы, көп жылдар білім саласында, партия, ел басқару жұмыстарында қызмет істеп, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың хатшысы болған, бүгінде облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Едіресов Қайырлы Едіресұлының 70 жылдық мерейтой қарсаңында елге еткен еңбегін атап өткім келіп отыр.

Жүйткіген жүйріктей, аққан жұлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай. Кемеңгер Абай атамыздың қалайша дәл айтқанына әрі қысқа тұжырыммен көп ой білдіргеніне дән риза боласың. Шындығында да асықпай-саспай өмір өтіп барады. Екінші мыңжылдықты тәмамдап, үшінші мыңжылдықты бастағанымызға да он алты жылдан асты, тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылдық мерекесін тойлағалы отырмыз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана халқымыз. Жаны жайсаң, жүзі жарқың, өнегелі іс-әрекеттерімен жан-жағына нұрын шашқан абзал жандар бүгінде арамызда көптеп саналады. Жұрттың оларға деген ықыласы да айрықша. Осындай жандар көп бола берсе, өзгелер олардан үлгі алса екен деймін.

Жоғарыдағы ойшыл-ақын Абай бабамыз айтқандай «Алдыңғы толқын ағаларымыздың» бірі – Қайырлы Едіресұлы болатын.

Қ.Едіресов 1946 жылы 20 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Орталық ауылында дүниеге келді. Адамның өмірі үлкен құбылыс екені баршамызға аян. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында әр адам өмірге парызы мен қарызын арқалай келеді. Бұл өмірді босқа өткізбей, сол қоғамға өзінің мүмкіндігінше үлесін қосуға тырысады. Менің көзқарасымда әуелі дүниеге келтіргені, тәрбиелегені, азамат етіп қалыптастыруға жағдай жасағаны үшін әкең мен шешеңе қарыздарсың үлкен қарыздарсың деп ойлаймын. Әрбір азамат ата-анасын ардақтай біліп қадірлеуі керек. Әңгімемізге арқау болып отырған Қайырлы Едіресұлының да ата-анасы елге қадірлі қарапайым еңбек адамдары еді. Елге сыйлы, көршіге адал бейнетқор, еңбек адамдары еді. Сол ананың сүтімен берілген жақсы тәрбие кейіпкерімізді ерте есейтті. Олар зейнетке шыққан кезде де ризашылық пейілде жүретіндей етіп, перзенттік борышын өтей білді,- деп ойлаймын.

Жастықтың отын жалындатып, үнемі ізденіс пен алға ұмтылған қайраткердің өмір жолы кімге де болсын үлгі - өнеге. Жаспын деп жасқанбай, оқу, ізденіспен болашаққа деген ұмтылысы оны өмір жолында кездесер қандай да бір қиындықтан алып шығып, алыс армандарға қол жеткізуге жетеледі. Осы ұмтылыс оны жан – жағын болжай алатын көрегендікке жеткізді. Жастық жігерімен қалыптасқан бұл қасиеттер оның өмірдегі айнымас темірқазығы болды.

1966 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Николаевка селосындағы ауылдық мектебінде ұстаздық етуден басталған жұмысында жақсы жағынан көрініп, оның бойындағы табиғи дарыны, іскерлік қабілеті жақсы коммунист ретінде мектептің партия ұйымының хатшысы етіп тағайындайды. Мектепте Партия жұмысын алға апаратын білікті ұстаздар, мамандар көп болса да таңдау жас маманға түседі. Есімі облыстан да тысқары жерлерге республикаға жақсы мәлім Ленин орденді ұстаз, «Қазақ ССР оқу ісінің үздігі» Асқар Игібаев басқарған біздің Николаевка орта мектебінің атағы дүркіреп тұрды. Қарт ұстазымыздың Қайырлының бойындағы ұйымдастырушылық қасиетін ерте байқап, ашып беруінің арқасында жас жігітке үлкен міндеттер жүктелді. Ол кездегі Мұғалімдердің бәрі де сайдың тасындай іріктелген өз ісінің нағыз шеберлері еді…

Қайырлы ағамыздың қажырлы еңбегінің арқасында Есіл ауданындағы Николаевка орта мектебін 34 жыл басқарған ұлағатты ұстазымыз Қазақ ССР оқу ісінің үздігі, Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаты болған Асқар Игібаевтың білім саласын дамытудағы еңбегін мәңгі есте сақтау мақсатында өзі басқарған мектептің қабырғасына мемориалдық тақта іліп, есімін мектепке беру ісінде де ат салысты. Жас ұрпақ бүгінде қарт ұстаздың еңбегін мақтанышпен еске алады.

Алдына қойған мақсатына жетуге деген ұмтылыс қарапайым қазақ баласы үшін 1970 жылы Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институтының дене тәрбиесі мұғалімі мамандығын алып, одан соң 1981-86 жылдар аралығында Ресей асып Қорған қаласындағы ауыл шаруашылық институтының зооинженер мамандықтарын игеруі кейіпкеріміздің оқу-білімге деген ынтасын ашып көрсетеді. Бұл сол кездегі әрбір жастың тәуекелге бел буып бара бермейтін қасиеттерінің бірі еді. Спортқа ден қойып осы саланы батыл меңгеру – сол кездегі көптеген арман қуған жастардың асыл арманы еді. Бірақ бойдағы ерік – жігер жас жігітті осындай асу-белестерді бағындыруға алға ұмтылдырады.

Жас тәлімгердің мектепке келіп ауыл балаларын аудандық, облыстық, республикалық спорттық жарыстарда жүлделі орындар алып баулуға ден қоюы, сол кездегі танымал спорт ардагері Н.П. Шульгиннен тәлім алып мектептің спорттық базасын қайта жасақтауы бұл дегеніміз спортшылардың спорттық жоғары нәтижелерге жетуіне жағдай жасау ғана емес, салауатты өмір салтының қалыптасып, бұқаралық спорттың оның ішінде ауыл спортының дамуына өзіндік септігін тигізді. Жалпы жоғарғы спорттық көрсеткіштерге жету үшін спортшы көп жылдар бойы 10 жылдан артық мөлшерде үзіліссіз жаттығуы керек екені белгілі. Спортшылардың отансүйгіштігін қалыптастырудағы маңызын түсініп, олардың тұрақты қызығушылығын тудырудың арқасында ауылымыздың спортсмендері спорттың шаңғы тебу, шайбалы хоккей сияқты қысқы түрлері мен қатар волейбол, баскетбол, футбол сияқты ойын түрлерінен жақсы жетістіктерге жетіп республикаға танымал бола бастады.

Эстонияда Отан алдындағы әскери борышын взвод командирі болып өтеп келген жас сарбаздың әскери формада өз мектебімізге аға сержант шенінде қайта келіп, дене шынықтыруы пәнінің мұғалімі болып қайта орналасуы мені қатты қызықтырды. Мектеп директорымыз Асқар Игібаев оқушыларды дереу сапқа тұрғызды. Залда өлі тыныштық. Осы тыныштықты әскери саптық қадаммен келе жатқан сержант А.П.Белоконь мен аға сержант Қ. Едіресовтің «Отан алдындағы әскери борыштарын өтегеннен кейін Николаевкадағы мектепке ұстаздық қызметті жалғастырғылары келетіндіктерін білдірген әскери тәртіппен берген баяндамалары мені әскери қызметкер болғым келетін түпкілікті шешім қабылдауыма негіз болды.

Мектеп бітірген соң өмір өз соқпағымен мені әжемнің ақ батасын алып, алыс жолға білім іздеп Ташкент және Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищелерінің курсанты атануыма жетеледі. Сәйтіп біздің жолдарымыз екі айырлып екі жерде жүрдік. Қайда жүрсем де ұстазыммен хат арқылы байланыс орнатып, еңбек демалысына елге келгенде ұдайы байланыста болып жақын әңгімелесіп жүрдік.

«Көре – көре көсем боларсың, сәйлей – сәйлей шешен боларсың» демекші қалың жұртшылықтың мұң – мұқтажын өз жайындай сезіне білуі - оның бойында ұйымдастырушылық қасиетті аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметіне тағайындалды. Міне, осының бәрі сайып келгенде ең жас басшылардың бірі атанып, ел аузына іліксе, уақыт өте келе Ильич атындағы совхоздың парторгы, Ленин ауданы Партиялық бақылау комитеті төрағасы дәрежесіне жеткізді.

Егемендіктің қиыншылығы мен жетіспеушілігі мол жылдар алғашқы жылдары Кеңестер Одағының батыры Жәлел Қизатов атындағы ауыл шаруашылығы техникумының қирауға, тоқырауына жол бермей 17 жыл қатарынан басқарып, ауылды дамытатын ауыл шаруашылығының жұмысшы мамандықтарын дайындаумен айналысты. Сол кездегі Облыс басшылығы аталмыш техникумды жауып, таратып жібермек болған қаулысына қол қоймай өзінің атқарып отырған қызметін бәйгеге тігіп қажырлық таныттты, сәйтіп облыстың бір білім мекемесінің жабылып қалмай дамуына өз үлесін қосты. Сабырлы, байсалды, танымы терең, қандай күрделі мәселе болса да, одан қашпай, шешу жолдарын іздеуге ынталы азамат басшылықтың солақай саясатына төтеп беріп, 90- жылдары елге агроном, ветеринарлардың тағы басқа мамандардың керек екенін жете түсінді. Міне, ұстазым Қайырлы осындай ортада тәжірибе жинақтап, көптің көңілінен шықты.

Қайырлы Едіресұлының мемлекеттік қайраткер дәрежесін ол бір емес, бірнеше мәртебе Қызылжар өңірінің халық қалаулысы Облыстық Мәслихаттың депутаты, Мәслихат хатшысы болғанда көрдік, сүйсіндік. Білімі мен біліктілігін, халық мүддесіне адалдығын, қайрат-жігері мол осындай азаматтың Облыстық Мәслихаттың хатшысы қызметіне сайлануы елі үшін туған азаматқа елінің берген әділ бағасы,- деп білемін. Мәслихат хатшысы ретінде облыстың әлеуметтік-экономикалық өсуіне ат салысып, депутаттардың бір арнаға тоғысуына көп еңбек етті.

Қ.Е.Едіресов шекаралық аймақтарда орналасқан Ресей-Қазақстан мемлекеттерінің депутаттары арасында аймақтық екіжақты достық қатынастар орнатуға өз үлесін қосып келеді. Өзінің 70 жасқа келген әдемі шағында салауатты өмір салтын насихаттайтын ардагерлер командасынан табылып волейбол, футбол, қысқы шаңғы, хоккей, шорттректен жастарға үлгі көрсетіп келеді. Осы қасиеттерін өзіме үлгі тұтып, әрдайым өз білімің біліктілігін жетілдіріп отыратындығы, алдына қойылған мақсаттарды біліктілік және жауапкершілікпен шешетіндігі, досқа адалдығы мені қанаттандырып отырды.

Саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық іс-шараларға белсене қатыса келе оның жеке бастамасы бойынша барлық деңгейдегі депутаттар арасында спорттық жарыстар ұдайы өткізіліп тұрады. Бүгінде Облыстағы ауылдық волейбол федерациясын басқарып оның дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Қайырымдылық жұмыстардан тыс қалмай «Мектепке жол», «Ақ қайындар өлкесі», «20 игі іс», Қазақстан – біз сенің ұрпағыңбыз!» атты қайырымдылық акцияларының өтуіне мұрындық болды.

Зейнеткерлік жасқа келгенде Қайырлы Едіресұлы облыс әкімінің ұсынысын құп алып, облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы қызметін абыроймен атқарып жүр.

Өзінің парасатты басқарушылық қабілеті мен тыңнан жол таба білетін біліктілігінің арқасында өз мүддеңізден ел мүддесін жоғары қоятын зиялы Азаматтың еңбегі бағаланып: Ыбырай Алтынсарин атындағы, «Қазақстан Республикасы Ағарту ісінің үздігі» төс белгілерімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Нұр Отан» партиясының «Белсенді қызметі үшін» медалдарымен, «Құрмет» орденімен марапатталған. «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестіктің «Құрметті депутат» төсбелгісімен марапатталды.

Ал енді парызға келсек, «Теңіз тамшыдан құралады» дегендей, мемлекет пен қоғамда әр отбасынан құралады. Отбасының алтын діңгегіне айналған жұбайы Роза Ислямқызының заманының дүлдүлі Тұрмағамбет ақын айтқандай: «Ерін қуткен әйелді ханым десе болады» деген теңеулер жеңгемнің нақты ажарын ашады. «Жігіттің бұл жалғанда арманы көп, Егерде тең болмаса алған жары» деп бұрынғылар бекер айтпаған болар. Ерлі-зайыптылар бірін-бірі тәрбиелеп, бірін-бірі жетелейді. Ұстазыммен жақын араласқаннан бері Роза күллі қазақ еліне даңқы жайылған Домалақ ана, Ұлжан, Айғаным секілді аналар дәстүрін жалғастырушы, қолы ашық, жоқты бар, барды мол ететін, «Жүзігім алтын болғанша, жүзім жарқын болсын» дейтін нағыз сүйікті жар екенін көрсетіп үш бала тәрбиелеп, немерелерін бағуда. Үлкен баласы –Қанат әке жолын қуып мемлекеттік қызметкер атанып білдей бір аудан әкімінің орынбасары болып елге қызмет етуде. Ал енді адам өз отбасы алдындағы қарыз бен парызды түгел орындап шыққандай сезімде жүрсе, ол адамды бақытты деп білемін. Едіресовтер отбасы көпке үлгі болатын бақытты жанұя деп толық айта аламын.

Өмір тәжірибемнен түйіндеген жайттарды қорытындылай келе, осынау жетпістің жеті белесіне шыққан Қайырлы Едіресұлымен бірге болған сәттерім мен сұхбаттасқан пікірлерімді ел назарына ұсынып, өзім үшін ол сәттердің қаншалықты маңызды екендігімен ой бөліскім келгені.

Жауапты постыларда қызмет атқарды. Осының барлығы ұстазымның темірдей тәртіпке бас иіп, осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – жетпістің шыңына шығып отырған Қайырлы Едіресовті достары атынан туған күнімен шын жүректен құттықтап, Отанымыздың өркендеуі және халқымыздың игілігі жолында әлі де талай тәнті істерді атқаратынына кәміл сенімдіміз демекпін.

Абай Бөлекбайұлы ТАСБОЛАТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Солтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы,
Халықаралық істер қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі.

Орақ – 2016

ЕГІНГЕ ОРАҚ ТҮСТІ

Өткен аптаның соңында ауданымызда алғашқылардың бірі болып «Рамут» корпорациясына тиесілі «Жарқын СК» ЖШС-нің егістік алқаптарында болып, орақ науқанының қыр-сырымен танысқан болатынбыз.

Светлый ауылының маңындағы алқаптардың біріне ат басын тірегенімізде, танап басында бригадир Дастанбек Гелманов жетекшілік ететін диқаншылар қызу еңбек үстінде екен. Шетелдік «Джон Дир», «Класс» және «Челенджер» комбайндарында Арман Букенов, Құрман Қожабаев, Владимир Шилов, Александр Антипов, Жасұлан Жапаров және Денис Понамаревтар биылғы бітік шыққан егінді құлатуда екен.

Серіктестік басшысы Азамат Елмағановтың мәліметі бойынша серіктестіктің 23624 гектар алқабына 15400 гектар дәнді-дақылдар, оның 13500 гектарына бидай, 1900 гектарға арпа себілген. Сондай-ақ, 5300 гектар алқапқа майлы дақылдар мен 510 гектарға азықтық дақылдар сіңірілген. Серіктестіктің жалпы егістік алқабы былтырғы жылмен салыстырғанда 7,5 мың гектраға ұлғайған.

Жалпы күзгі науқанға серіктестіктің жоғары өнімділікті 15 комбайны жұмылдырылған.

Серіктестік басшысының айтуынша биылғы күзгі орақ науқанын ұйымшылдықпен өткізуге зор үлестерін қосып жүрген директордың орынбасары Ерік Әлібеков, бас инженер Александр Понамарев, бас агроном Серкебай Шөкімовтерді айта кеткен жөн.

Жұмыстың сапалы атқарылуына серіктестіктің бас инженері Александр Понамарев жетекшілік етеді.

Бас инженердің сөзімен айтар болсақ ораққа қатысатын барлық техника, жөндеу шеберханасындағы токарлық, ұста цехтары, қызыл қырмандағы таразылар, астық тазалайтын агрегаттар сапалы жөндеуден өткізіліп, іске жауапкершілікпен қарайтын мамандардың қолына табыс етілді.

Қырмандағы механизмдердің ақаусыз жұмыс істеуіне қырман меңгерушілерінің де зор үлестерін айта кеткен жөн.

Серіктестік биылғы жылы мал шаруашылығын дамытуды да қолға алып отыр. Қазіргі кезде корпорацияның өз қаражаты есебінен 100 бас сүтті бағыттағы сауынды сиырлар мен етті бағыттағы 49 бас ірі қара әкелінген. Мал тұрақтанатын фермаларды да шаруашылық жаңадан салған.

Серіктестік тарапынан ауыл тұрғындарына жем-шөппен, әлеуметтік нысандарға қажет жағдайда нақты көмек көрсетіліп отырады.

Біз шаруашылықтағы орақ науқанының қарқынды жүргізілуімен экономикалық дамуға орай атқарылып жатқан игі істерді өз көзімізбен көріп, еңбек адамдарына, серіктестік басшыларына толағай табыс тілеп, аттанып кеттік.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретте: серіктестіктің озат диқаншылары, егінжайдан көрініс.
Суреттерді түсірген автор.

2016 жылдың III тоқсанына Айыртау ауданы әкімінің, аудан әкімінің орынбасарларының және аудан әкімінің аппарат басшысының азаматтарды қабылдау кестесі

Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы - аудан әкімі, әр айдың екінші және соңғы бейсенбісі, сағат 10.00-ден - 13.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 22-646, 22-648.

Махметов Аманбек Ғазизұлы - аудан әкімінің орынбасары, әр дүйсенбі, сағ. 11.00-ден 13.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 22-164, 22-648.

Қазжанов Айдын Сапарбекұлы - аудан әкімінің орынбасары, әр сәрсенбі, сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 22-479, 22-648.

Науанова Мафруза Тасболатқызы - аудан әкімінің орынбасары, әр сейсенбі, сағ.15.00-ден 17.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 21-641, 22-648.

Ғаббасов Әли Әнасұлы - аудан әкімінің аппарат басшысы, әр жұма, сағ. 15.00-ден 17.00-ге дейін. Мекен-жайы: Саумалкөл с., Ш. Уәлиханов көшесі, 44, телефон: 21-782, 22-648

Аудан әкімінің виртуалды қабылдауы airtau.sko.kz сайтында қызмет етеді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қоғамның сенімін, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, сонымен қатар аудан әкімі аппараты қызметкерлерінің лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарын және Әдеп кодексінінің талаптарын сақтамау жағдайларын анықтау мақсатында, «Айыртау ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 8(71533) 22646 сенім телефоны және **airtau-akimat@sko.kz** электрондық пошта қызмет етеді.

100 нақты қадам

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

«Бірінші байлық – денсаулық» екендігін бүгінде адамзат баласы жақсы түсінеді. Адамның алтынға айырбастамас құндылығы саналатын саулықтың қадірін ауырмай тұрып білгенге не жетсін? Бұл ретте ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеудің ұзақ та саламатты өмір сүруге жағдай жасайтынын ескерсек, елімізде жаңадан енгізіліп отырған міндетті медициналық сақтандырудың осы мәселеде маңызы қандай деген сұрақ туындайды. Осы мақсатпен Айыртау орталық аудандық аурухананың бас дәрігері Саят Ғазизұлы Молдахметовпен кездесіп, бірнеше сауалдар қойған едік.

– Саят Ғазизұлы, былтыр Парламент тарапынан «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заң мақұлданды. Жалпы алғанда, осы жүйе жайына кеңірек тоқталып өтсеңіз?

– Еліміздегі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ұлт Жоспары – бес институттық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадамының» 80-қадамына байланысты және Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында енгізіліп отыр. Медициналық сақтандыру – халықтың денсаулығын қорғау жүйесі болып табылады. Дамыған елдердің көпшілігі оны денсаулық сақтау саласында қолданып, нәтижесін көріп отыр. Арнайы қорға жиналған қаражат есебінен тегін медициналық көмек алуға болады.

– Бұл жүйе қарапайым халыққа не береді?

– Міндетті медициналық сақтандыруды екіге бөліп қарастырар болсақ, оның біріншісі – негізгі сақтандыру түрі. Бұл сақтандыру түріне мемлекеттік бюджеттен тегін көрсетілетін медициналық қызметтер кіреді. Ол еліміздің барлық азаматтарына қолжетімді болады. Мемлекет өз міндетіне медициналық қызметтердің бірнеше түрін алады. Мысалы, жедел жәрдем қызметін, санитарлық авиацияны, әлеуметтік маңызы бар ауруларға ем көрсетуді, төтенше жағдайда көмек көрсетуді және алдын алу шараларына қатысты екпелерді өз міндетіне алады.

Ал екінші түрі – міндетті әлеуметтік сақтандыру аясында қаржыландырылатын сақтандыру. Бұл негізгі сақтандыруға кірмеген басқа да медициналық қызметтер түрін қамтитын сақтандыру болады деп көзделуде. Оған амбулаторлық-емханалық көмектер, ауруханада жатып емделу, жоғары технологиялық көмектер кіреді. Сақтандырудың осы түрі міндетті сақтандыру жүйесіне тіркелген азаматтар үшін қолжетімді болады. Өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған адамдарға 2020 жылға дейін амбулаторлық-емханалық қызметті бюджет есебінен тегін көрсету де қарастырылған. Сондай-ақ, заңға сәйкес азаматтар жеке басына арналған, өз қаражаты негізінде немесе жұмыс берушінің қаражатына жасалатын сақтандыру түрлерін де жасай алады.

- Сақтандыру қорына аударылатын жарналардық мөлшері қандай болмақ?

- Ерекше санаттағы, яғни, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар үшін мемлекет орташа айлық көлемінің 7 пайызы мөлшерінде төлемақы аударады. Ал Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің деректеріне сүйенсек, бұл мөлшерлеме көлемі 2017 жылы 4 пайыз, 2018 жылдан 5, 2023 жылдан 6, 2024 жылдан 7 пайызға сатылай көтерілмек. Жұмыс берушілердің жұмысшылары үшін төлейтін жарнасы кірістің 5 пайызын құрайды. Мұндай аударымдар да 2017 жылы 2 пайыздан бастап, жыл сайын 1 пайызға арттыру арқылы 2024 жылы 5 пайызға жеткізу көзделген. Қызметкерлер жарнасының көлемі 2 пайызға тең, 2019 жылы 1 пайыз, ал 2020 жылдан бастап 2 пайызға теңестірілмек. Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етіп отырған азаматтар (жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар, азаматтық-құқықтық негіздегі келісім бойынша кіріс табатын жеке тұлғалар) жарнасы кірістерінің 7 пайызына тең. Ал аударым 2017 жылы 2, 2018 жылы 3, 2019 жылы 5, 2020 жылдан бастап 7 пайыз болады.

– Ал әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар үшін қандай жағдайлар қарастырылып отыр?

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуден босатылатын азаматтар да бар. Қазіргі уақытта Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мұндай азаматтардың 15 санатын белгілеп отыр. Олардың қатарында балалар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, «Батыр ана» атағын алғандар, I, II дәрежелі «Аналық даңқ» орденімен марапатталған көп балалы аналар, соғыс ардагерлері мен мүгедектері, мүгедектер, жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар, интернатта тәрбиеленіп жатқан тұлғалар бар. Сонымен бірге, бала тууға, бала асырап алуға, 3 жасқа бала күтіміне байланысты демалыстағы тұлғалар, жұмыс істемейтін екіқабат әйелдер, іс жүзінде 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған жұмыссыз азаматтар, зейнеткерлер, әскери қызметкерлер, арнаулы мемлекеттік қызмет жұмыскерлері, құқық қорғау органдарының жұмыскерлері, ең төменгі деңгейдегі қауіпсіздік мекемелерін есептемегенде сот шешімімен ҚАЖ мекемелерінде айыбын өтеушілер, уақытша ұстау изоляторлары мен тергеу изоляторларындағы азаматтар да жарна төлеуден босатылады.

– Медициналық сақтандыруы бар азаматтар жекеменшік ауруханаларға барып емделе алады, бұл ретте мемлекеттік аурухана қызметтерінің де сапасы артып, бәсекелестік орнайды делінеді.

– Дұрыс айтып отырсыз, осы жүйе арқылы жекеменшік ауруханалар мен мемлекеттік ауруханалар арасында бәсекелестік орнайтыны рас. Себебі, медициналық сақтандыруы бар азамат медициналық мекемені таңдай алады. Тек сол мекеме МӘМС жүйесінде жұмыс жасауы қажет. Осы арқылы жекеменшік ауруханалардың қызмет көрсетуі қалай болса, өзіне емделушілердің келуі үшін мемлекеттік ауруханалар да қызмет сапасын арттыратын болады. Себебі, медициналық сақтандырудың арқасында сол ауруханаларға қаржы түседі. Бұл үлкен бәсекелестік жағдайларды туғызады.

Сондай-ақ, көрсетілетін медициналық көмек сақтандыру қорындағы қаржы арқылы жүзеге асырылады. Алайда мемлекет бюджетінен кепілдендірілген тегін медициналық көмекке бөлінген қаржы тоқтап қалмайды. Қазіргі күні азаматтар қандай медициналық көмек алып жүрсе, соның барлығы алдағы уақытта да жүзеге асырыла береді. Мәселен, жедел медициналық жәрдем, санитарлық авиация, әлеуметтік аурулар, төтенше жағдайларда көрсетілетін медициналық көмектер, вакцина егу секілді бірқатар қызметтер тегін жүргізіледі.

Сондай-ақ сақтандыру қорындағы қаржының негізгі бөлігі профилактикалық жұмыстарға жұмсалады. Сонымен бірге медициналық көмек деңгейі жоғарылап, сапалы дәрі-дәрмек алуға үлкен мүмкіндік туады.

Сақтандыру қорына жарна төлеу арқылы тұрғындарға аурухана мен емхананы, дәрігерді таңдау еркіндігі беріледі. Бұл кезде емдеу мекемелері арасында бәскелестік қалыптасады, олар халыққа сапалы қызмет көрсетуге тырысады. Себебі емдеу ақысы дәрігерге сол қордан төленеді. Бұл ретте жекеменшік клиникалар да жаңа жүйеге кіруге ынталы болады.

- Саят Ғазизұлы, маңызды сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Суда абай болыңыз!

Бір апта ішінде 6 өмір құтқарылды

Биылғы жылғы жаздың соңғы айы ерекше ыстық болды. Солтүстік қазақстандықтар айтуынша, - бізде жаз тамыздан басталды, олай болса, СҚО ТЖ департаментінің қызметкерлері үшін мазалы да қауыр күндер артты. Су айдандарының жағалары су салқындығы тартқан, демалушыларға толы. Жазғы демалысты су жағасында өткізу қалауы түсінікті және табиғи жайт, алайда жоғары қауіп тәуекелімен де байланысты.

Жыл басынан бастап облыстың су айдындарында 15 адам суға батты, олардың 5 бала. «Жедел-құтқару жасағының» құтқарушылары судан 40 адамды құтқарған еді, оның ішінде 15 бала. Тек бір апта ішінде кәсіби құтқарушылар қызметі 6 өмірді құтқарды, дегенмен бір қаза болу жағдайы тіркелген. Қайғылы оқиға Тимирязев ауданының Ақсуат ауылында суға шомылуға арнайы жабдықталмаған, ауыл шетіндегі қазаншұңқырда 29 жасар ер адам суға кеткен.

Адамның суда қаза болуына әкелетін негізгі себептерінің бірі – мас күйінде болу болып табылады. Әр адамға су мен алкогольді ішімдік - үлеспейтін ұғымдар екенін естен шығармауы керек! Дәл осы жайында, ыстық ауа-райы кезеңінде судағы ТЖ алдын алу мақсатында, күшейтілген қызметті атқарып жүрген, департаменттің мамандары халықты ескертеді. Олар күн сайын, жұмыс және демалыс күндері полиция қызметкерлерімен бірлесіп суға шомылуға рұқсат етілмеген орындарда рейдтер өткізеді. Есіл өзені және облыстың өзге су айдындарында демалып жүрген адамдардай, осындай, апатты жағажайлар аз емес. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің басты міндеті – адамдармен қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін профилактикалық әңгімелер өткізу, тақырыптық жадынама тапсыру болып табылады. Сондай-ақ олардың демалушыларды ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңының алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келгені үшін 440 бабы және ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу 364 бабында қарастырылған әкімшілік жауапкершілікке тартуға құқығы бар. Суға шомылу маусымы кезеңінде осындай 10 шақты айыппұл түріндегі жаза салынды. Осыған ұқсас рейдтік іс-шаралар облыстық барлық аудандарында және Петропавл қаласында суға шомылу кезеңінің соңына дейін өткізілетін болады.

Өзен көлдерді бақылау барысында жабдықталмаған орындарда мас күйінде суға түсушілер жиі кездеседі.

Құрметті жерлестер мен аймағымыздың қонақтары, өзіңіз бен жақындарыңызды сақтаңыздар, судың маңайында балаларды қараусыз қалтырмаңыздар, мас күйінде суға түспеңіздер. Осы қарапайым ережелер қайғылы оқиғалардан аулақ болуға көмектеседі!

Айыртау ауданының ТЖ бөлімі.

Айыртау ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 5 тамыздағы № 280 қаулысы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылғанын тану туралы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Нормативтік актілер туралы» Заңының 27- бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Айыртау ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылғаны танылсын:

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 365 «Қылмыстық – атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған мектеп бітірушілері үшін жұмыс орнындарына квота белгілеу туралы» қаулысының күші жойылғаны танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 15 қазанда № 1901 тіркелген, 2012 жылғы 25 қазандағы № 43 «Айыртау таңы», 2012 жылғы 15 қазанда № 43 «Айыртауские зори» газеттерінде жарияланған;

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 133 «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 365 «Қылмыстық – атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығын айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған мектеп бітірушілері үшін жұмыс орнындарына квота белгілеу туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы қаулысының күші жойылғаны танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 17 сәуірде № 2679 тіркелген, 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 7 «Бірінші сөз», 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 7 «Первое слово» газеттерінде жарияланған;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ағзам ТАСТЕМІРОВ,
аудан әкімі.

Қоғам және заң

ҚАҒИДАНЫ ҚАТАҢ САҚТАУ АЗАМАТТАРДЫҢ БОРЫШЫ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының 2016 жылғы 3 мамырдағы және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы жергілікті соттарының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) және оның аумақтық органдарының аумағында және ғимараттарында келушілер үшін өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілген.

Сот ғимараттарында келушілер үшін өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету тәртібін айқындау жолын кесу мақсатында Қағидалар бекітіліп, белгіленген тәртіпті, соттар мен сот қызметкерлерінің, сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігі мен тиімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Өткізу объектішілік режимдерді қамтамасыз ету тәртібі мынадай:

- соттар аумағына, әкімшілік ғимараттарына бөтен адамдардың өтуін болдырмау;
- төмендегі тізбеде көрсетілген нәрселер мен заттардың алып кіруді (алып шығуды), әкелуді (әкетуді), алып өтуді (алып жүруді) болдырмау;
- шақырылғандарды қоспағанда, өзге де үй-жайларға келушілердің санкцияланбаған кіруін болдырмау;
- соттар ғимараттарын терроризмге қарсы қорғау деңгейін арттыру;
- қоғамдық тәртіпті қорғау және сақтау, судьялардың, қызметкерлер мен келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

Соттар ғимараттарына кіру мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

- пайдаланушының уақытша карточкасы - Соттың келушілеріне бір адамға және бір рет келу ушін ғана беріледі;
- біржолғы рұқсаттама - жергілікті соттар келушілеріне бір адамға және бір рет келу ушін ғана беріледі. Рұқсаттама жеке басты куәландыратын құжат болған кезде;
- келушілердің соттар кеңселері ұсынған сот процестеріне қатысушылардың тізбелері негізінде жүзеге асырылады.

Соттар ғимараттарына кірген кезде келушілерге, оның ішінде сот процесіне қатысушыларға қатысты бақылаудың арнайы жабдығы мен техникалық құралдары пайдаланыла отырып техникалық бақылау жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген жабдық пен техникалық құралдар қол жүгі мен жеке заттарды қарап-тексеру кезінде де пайдаланылады.

Бақылаудың арнайы техникалық құралдары іске қосылған жағдайда мамандандырылған күзет қызметі басқармасы (бұдан әрі - МКҚБ) қызметкері адамға көзбен қарап-тексеру үшін заттарды көрсетуді ұсынады.

Келушілерге және сот процесіне қатысушыларға төмендегі тізбеде керсетілген техникалық құралдарды сот ғимаратына алып кіруге (алып өтуге) рұқсат берілмейді:

- атыс және суық, қару;
- жарылғыш заттар, жарылатын құрылғылар, тез тұтанатын сұйықтықтар;
- уландырғыш заттар;
- қатты әсер ететін улы заттар;
- бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттар;
- радиоактивті заттар;
- есірткілік, психотроптық. заттар;
- бейне-, кино- және фотоаппаратура;
- жазатын құрылғылар, көзбен байқау құралдары, есептегіш техника;
- радиотехникалық және басқа аппаратура;
- мүмкіндігі бар сымсыз құрылғылар (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G және т.б.)

Сот, аумағына және ғимаратына Қоңырау/хабарлама/жауап функциялары бар телефондарды қоспағанда, мобильдік құрылғылар (интернет модульдері бар ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер және т.б.);Машиналық ақпарат жеткізгіштер (флеш-карталар, USB-дискілер т.б.); Техникалық, оның ішінде деректер беруге, сондай-ақ, халықаралық жаһандық желілерге және Интернет желісіне шығуға көрсетілген алып өтуге тыйым салынған заттар ғимаратқа кіру кезінде полиция бекетіндегі арнайы жеке ұяшықтарда қалдырылады.

Сот процесіне қатысушылар полиция бекетіне ұсынған тізімдер бойынша соттарға өтеді.

Тараптардың өкілдері қосымша олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды көрсетуге тиіс.

Сот процесіне қатысушылар күту залында күтеді, оларға судьялардың және қызметкерлердің қызметік үй-жайларына шақырусыз кіруге тыйым салынады.

Хат-хабарды тапсыру (алу) үшін келген келушілерді ғимаратқа кіргізу (МКҚБ полициясы посты арқылы) олар техникалық бақылаудан өткен соң жүзеге асырылады, хат-хабарды алғанға дейін келушілер күту залында болады.

Жұмыс күні аяқталғаннан кейін және демалыс күндері келушілерді ғимаратқа кіргізу тоқтатылады.

Келушілердің сот ғимаратына алкогольдік, есірткілік немесе уыттық масаң күйде кіруіне рұқсат берілмейді.

Қорыта айтқанда, сотқа келген әрбір адам өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, құқықтық мәдениетті сақтауы қажет.

Асқар МАҚЫШЕВ,
Айыртау аудандық сотының
аға сот приставы.

Өз дініңе берік бол!

ИМАНДЫ АЙДАЛАДАН ЕМЕС, АЙНАЛАҢНАН ІЗДЕ

Парламент Мәжілісінің депутаты, Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының төрағасы Бақытбек СМАҒҰЛМЕН әңгіме.

– Бүгінгі күні Сирия мен Ирак аумағында орын алып отырған қанды қырғын бүкіл әлемді әбігерге салуда. Әу баста сырт көзге «Араб көктемі» атты көтерілістің Сириядағы жалғасы секілді көрінген бұл үрдіс 2014 жылдан бастап жаңа сипатқа ие болды. «Араб көктемі» – әлеуметтік аз қамтылған қалың бұқараның авторитарлық билікке қарсы көтерілуі еді. Ал 2014 жылы осы дүрмектен бөлініп, «Ислам мемлекеті» («ДАИШ») атты жаңа дүмпу шықты. Халықты қанға бөктірген қаңқұйлы топ өздерінің барлық сорақы істерін ислам шариғатымен ақтап алуға тырысып бағуда. Бірақ, сарапшылар «ДАИШ»-тың сыртқы күштердің әсерімен жасалған исламофобиялық ойын екенін алға тартады. Сіз не айтасыз?

− Иә, «ДАИШ» бүгінде қантегіс жолымен Сирия мен Ирактың біршама аумағын жаулап алды. Қазір террорлық ұйымның аталған аймақтардағы қанды-қасап іс-әрекеттері әлем жұртшылығын шошындырып отыр. Оның қызметіне БҰҰ-ға мүше көптеген мемлекеттермен бірге, Қазақстанда да тыйым салынған.

Ислам атын жамылған бұл қарулы құрылым бір күнде пайда болған жоқ. Бұл трансұлттық террорлық топ Ирактағы атышулы «Әл-Каида» террорлық ұйымы секілді он шақты әртүрлі экстремистік топтардан құрылғандығы белгілі. «ДАИШ» террорлық ұйымы 2014-2015 жылдардың өзінде Таяу Шығыстың талай жерін қанға бөктірді.

Таяу тарихтан белгілі болғандай, мұндай ұйымдар Сириядағы 2011 жылы басталған сұрапыл соғысты ұтымды пайдаланып, қару-жарақ, мұнай көздерін және тағы басқа байлықтарды оңай қолға түсіруді ғана қалайды. Өкінішке қарай, олар осы мақсаттарын жүзеге асыруға біршама қол жеткізгені бәрімізге мәлім. Алайда, мұның барлығы қандай құнмен іске асты? Толыққанды қалыптасқан, тарихы мен өркениеті бай бүтіндей бір елді геноцидпен қырып-жою орын алуда. Бүгінде әлемдік БАҚ өкілдерінің мәлімдеуінше, соғыс зардабынан 1 миллионнан астам адам қырылып, 4 миллиондай адам елін тастап, босқынға айналып кетті. Қарулы қырғыннан аман қалғаны оқшауланған қалаларда аштық пен аурулардан жапа шегіп жатыр. Мұндай сұмдықтың басталуы мен жалғасуына жол берген қарулы топтарды әсте діни ұйым немесе мемлекет деп атауға болмайды.

– «Ислам мемлекеті» делінетін лаңкестік топтың артында кімдердің тұруы ықтимал? Олар кімдер деп ойлайсыз?

– Әрине, ешбір қарулы топ бір мемлекеттің әскери қорғанысын тек өз күшімен бұза алмайды. Ол үшін көп қаражат пен сыртқы күштердің қолдауы қажет. Айталық, Ауғанстандағы «Талибанмен» жүргізілген соғыс, сондай-ақ, Солтүстік Кавказдағы қарулы қақтығыстардың ешқайсысы сыртқы күштердің қолдауынсыз жүзеге асқан емес.

Сирия мен Ирак − алпауыт мемлекеттердің саяси-экономикалық мүдделері тоғысқан жер. Яғни, «ДАИШ»-тың пайда болуы, қаржылай қолдау табуы, қанатын кеңге жаюы сыртқы күштердің ықпалымен болып отыр. Әйткенмен, лаңкестік топқа көмек қолын созғандардың кімдер екенін дәп басып айту қиын. Бұл сауал аясында ақпарат кеңістігінде таласты пікірлер көп.

− «ДАИШ»-тың мұсылмандардың мүддесін қорғаған болып көрінуінің астарында не жатыр?

− Біз кез келген дін атын жамылған ұйымдардың жалған ұрандарына емес, шынайы мұрат-мақсатына, нақты іс-әрекетіне қарап баға беруіміз керек. Бір діни қозғалысқа толымды баға беру үшін оның қандай мәселелерге көбірек назар аударатының, қандай іске белсенділік танытатынын бағамдау қажет. Осыдан кейін барып ол ұйымның шынайы мұрат-мақсаты айқындалады. Ал «ДАИШ-тың» қанды-қасап қарекеті мен саяси ұстанымдары оның діни емес, дін атын жамылған террорлық топ екенін әйгілейді. Шынтуайтында, «ДАИШ» − жай ғана лаңкестік топ емес, жаһандық терроризмнің аса қауіпті көрінісі.

− Бүкіл әлемде ислам ғалымдары «ДАИШ» ұйымын ислами емес деп таныған. Осыған қарамастан, бұл ұйым өзін жарнамалауды жалғастыруда. Себебі неде деп ойлайсыз?

− «ДАИШ» содырларының қантегіс әрекеттері шариғаттың ешқандай моральдық және құқықтық қағидаттары мен нормаларына сәйкес келмейді. Естеріңізде болса, таяуда дүниежүзінің жүзден астам ислам ғалымдары бұл ұйымға ашық хат жазып, олардың іс-әрекеттерін қатаң сынға алғандығы осыған айғақ. Бұл жөнінде көптеген БАҚ жариялаған болатын. Сондай-ақ, былтыр елордамыз Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кезекті съезінде біз білетін барлық танымал дінбасылар мен халықаралық ислам ұйымдарының өкілдері «ДАИШ» террорлық ұйымының іс-әрекеті ислам қағидаттарына үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын атап көрсетті.

XXI ғасыр, төртінші билік өкілдері айтпақшы, ақпарат ғасыры. Қазіргі ақпарат кеңістігіндегі жүргізіліп жатқан ойындардың залал-зардабы қарулы қақтығыстардан ауыр болмаса, жеңіл емес. Қаржылық тұрғыдан әлеуеті жоғары «ДАИШ» ұйымы бүгінде техниканың заманауи құралдарын пайдаланып, ғаламтор кеңістігіндегі насихат жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Сол арқылы бұл ұйым әлемнің әр түкпірінен қаржылық ресурстар мен адамдарды көбірек тартып жатқандығын түсіну қиын емес.

«ДАИШ» ұйымының негізгі кадрлық құрамына назар салсақ, олар, ең алдымен, Саддам Хусейн кезіндегі тәжірибелі арнайы қызметтің мамандарынан, жоғары шенді әскерилерден құралғандығын байқауға болады. Яғни, ұйым мүшелерінің саны кәсіби білікті рекрутерлерді пайдалана отырып көбеюде. Сонымен қатар, «ДАИШ» өзінің қаржылық әлеуетінің арқасында арнайы әскери дайындықтан өткен мамандарға мол жалақы төлейтінін жарнамалап және тағы басқа түрлі алдап-арбау тәсілдерін қолдана отырып, қатарластарының санын арттырып жатқанын көреміз.

− Қазақстан Республикасының соты «ДАИШ» және «Ан-нусра» ұйымдарын террорлық ұйымдар деп шешім шығарды. Алайда, бұл ұйымдарға кетушілердің саны неліктен азаймайды және осы мәселені қалай шешуге болады?

− Қазақстан сотының «ДАИШ» және «Ан-нусраны» террорлық ұйымдар деп тануы дер кезінде қабылданған шешім болды. Өткен жылы «Ат-такфир уәл-хижра» ұйымының да қызметіне тыйым салынды. Қазақстан сотының мұндай шешімдері теріс пиғылды ланкестерге қосылатын адасушылар легін азайтуға ықпал етеді деп ойлаймын.

«ДАИШ» пен «Ан-нусра» секілді террорлық ұйымдарға түскен жандар – зайырлы қоғамнан оқшауланған адамдар, психологиялық арбау салдарынан ұстанымдары мен өмірге көзқарастары агрессивті идеялармен уланған.

Жалпы, шетін көзқарастарды ұстанатын діндарлар ресми ақпарат көздері арқылы немесе діни институттар тарапынан таратылатын түсіндіру мақсатындағы жарияланымдарды қабылдамайды. Мұның мысалын қазіргі таңда мешіттерде көруге болады. Көптеген жастарымыз мешіт имамдарына құлақ аспай, өз білгенімен құлшылықтарын орындап жатыр. Бұл – қазақ үшін ерсі қылық. Көзіқарақты жұртшылықты біздің бүгінгі қоғамымызда бой көрсетіп жүрген ислам атын жамылған теріс діни ағымдар жақтастарының мешіттегі жүріс-тұрыстары мен өзін өзі ұстау мәдениеті ойландырмай қоймайды… Бұл, жұмсартып айтқанда, әдепсіздік.

Ата-бабаларымыз дін ұстанғанда имам-молдаларға әрдайым құрмет көрсетіп, тура жолдан таймас үшін ізін де тура басқан. Қазақтың ешбір ұлттық салт-дәстүрлері мен жиындары елдің, жұрттың рухани көшбасшыларынсыз өтпейтін. Оған тарихымыздың өзі куә. Ал діндегі тура жолдан адасқандардың әрекеттері олардың қалың жұрттан оқшауланып, бөлініп кетіп бара жатқанын көрсетеді. Бұл – біз үшін алаңдатарлық жайт.

Осы бір мысалдан-ақ атышулы «ДАИШ» ұйымының белсенділері қатарластарын ресми дін мамандарын тыңдамауға үгіттеп, ақпараттық тұрғыдан оқшаулап тастайтындығын байқауға болады. Олар өзара әлеуметтік қатынастар арқылы жаңадан қосылған немесе екі ойлы адамдарды жедел баурап, өз қатарларына біржола енгізуге ықпал етеді. Осыған орай, біз олардың артынан ерген жастарымызбен кешенді түрде көбірек жұмыс істеуіміз керек деп ойлаймын. Радикалдардың шырғалаңына түскен қаракөздерімізге рухани әрі психологиялық көмек беру қажет. Ол үшін, әрине, ең алдымен, жастарымыздың діни сауаттылығымен қатар, кәсіби зайырлы білімін көтеріп, патриоттық пен ұлттық сананы жандандыруға көп көңіл бөлу керек.

Сондай-ақ, мұндай жағдайларды болдырмау үшін радикалды идеологиядан азат аудиторияға алдын алу бағытындағы жалпы түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қарқынды түрде жалғастырған жөн.

− Соңғы уақытта «ДАИШ» ұйымына қосылуға кетушілердің жолы құқық қорғау органдары тарапынан жиі бөгелуде. Осыған орай, бұл ұйымның идеологтары «қарулы жиһадты» Орталық Азия аумағында, соның ішінде, әсіресе, Қазақстанда жүзеге асыруға үндеп жатыр. Лаңкестік ұйым үндеген бұл қауіптің іске асырылуы қаншалықты ықтимал?

− Жалпы, экстремистік және террорлық идеологияның негізінде «қарсылық таныту», «қанды оқиға арқылы өзіне көңіл аударту» секілді түсініктер жатыр. Осы түсініктер негізінде экстремистік ұйымдардың идеологтары топ мүшелерін ресми үкімет тарапынан көрсетіліп жатқан «әділетсіздіктерге» қарсы шығуға, діни емес мемлекеттік жүйені қарулы төңкеріс арқылы жоюға үндейді. Лаңкестік ұйымдар үшін бұл – әдеттегі түсінік. Өйткені, олардың құрылу миссиясының өзі осындай қаңқұйлы теріс пиғылдардан тұрады.

Бүгінде халықаралық терроризм қаупі барлық елде бар. Оған соңғы уақытта Еуропа елдеріндегі және Түркиядағы қанды оқиғалар айғақ бола алады. Бұл індетке қарсы тұрудың ең дұрыс жолы – тиянақты алдын алу шараларын жүргізу. Қоғам мүшелерінің діни және дінтанулық сауаттылығын арттырып қана қоймай, азаматтық белсенділігін күшейту, отансүйгіштік сезімдеріне соны серпін беру, ғасырлар бойы қалыптасқан діни таным мен рухани құндылықтарды жаңғырту, мәмілегер, бірлікшіл, бейбітсүйгіш ұлттық мінездерге қозғау салу қазіргі таңдағы идеологиялық бағдарымыздың негізгі тіндеріне айналуы тиіс. Тұтастай алғанда, жаһандық терроризмнің салдарымен күресумен шектелмей, пайда болу себептерін түбірімен жойсақ, әлдеқайда үлкен жетістіктерге жете аламыз.

– Бәке, теріс көзқарасқа елігіп, жаңылып жүрген жастарға аға ретінде не айтар едіңіз?

– Мен – Ауған соғысына қатысып, талай қанды қырғынды көзіммен көрген жанның бірімін. Адамның соғысты сырттан естіп-білгені бір басқа да, қанды қасапты бастан кешіру бір басқа. Қазіргі күнде «ДАИШ» содырларынан қиянат көріп отырған Таяу Шығыс жұртшылығына да, теріс идеяның жетегінде кетіп, жат елдегі сойқанға алданып барып ұрынған біздің кейбір қаракөздерімізге де өте ауыр сын сағаты туып тұр. Бейбіт елдің басындағы бағын ұшырған Сириядағы соғыс аумағында лаңкестердің қатарында жүрген қаракөз бауырларымыз ғаламтор желілеріндегі жалған бейнематериалдарда көрсететіндей алаңсыз өмір сүріп, жұмақ-дәуренді бастан кешіп жатқан жоқ, керісінше, олар өз бастарынан нағыз қиямет-қайымды өткеріп, басқа елдегі жат соғыста ажал құшуда.

Сондықтан мен бүгінгі жастарға айдың, күннің аманында адаспаңыздар, тәуелсіздік пен тыныштықтың қадірін біліңіздер, бастарыңыздағы бақытты бағалаңыздар дер едім. Ата-ана, туған жерден артық жұмақ жоқ. Дін-исламның шынайы жолымен жүргің келсе, Отаныңа, еліңе, ата-ана, бауырларыңа қызмет жаса, оқы, іздеп, еңбек ет! Бабаларымыз қанымен де, жанымен де, арымен де қорғаған туған жерге туыңды тік! Иманды айдаладан емес, айналаңнан ізде дер едім…

Біздің топырағымызда орныққан ислам дінінің ханафи мазхабына қатып қалған қасаң қағидалар мен біржақтылық жат деп ойлаймын. Мен теріс идеялардың жетегінде кеткен бәзбіреулер айтатындай, «сақалың бір тұтамнан аспаса, мұсылман емессің» деушілерді өз басым құптай алмаймын. Мәселе тек сақалда болса, мен көрген Ауғанстан дүниежүзіндегі озық елдердің қатарында болар еді ғой… Мен сондықтан да Қазақстан азаматтарын алауыздықтың әсерінен басынан бағы тайып, соғыс өртіне оранған алыс-жақын елдердің бүгінінен сабақ алып, өз елімізде берік орныққан тыныштық пен келісімді қадірлеуге шақырамын. Біз түтіні түзу шығатын қуатты ел болуымыз үшін ғылымға, білімге, жаңашылдыққа жақын болып, еліміздің тұтастығы мен тұрақтылығын қашанда басты орынға қоюымыз қажет деп білемін.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Самат МҰСА,
«Егемен Қазақстан».

Деректі әңгімелер

САҒЫНЫШ ЕКЕН БАЛҒЫН КЕЗ…

Жүректі алып ұштыртатын, жаныңның асау сезімін бұлқындыртатын, адамның балалық шаққа деген «Сағыныш» сезімі екен. Сағыныштың «естелік» деген парағы өміріңнің жұлдызы ағып өткенше сананда әр күн сайын бүктеліп, хатталып отыратын күнделік... Сағыныш қай жанды болсын шыдатпай, тұңғиықтың тереңіне батырып, құрғақ көзіңді ылғал етеді, тас жүрегіңді жұмсартады.

Өйткені жыл сайын «туған күн» бекетіне аялдап бір жылға қартайып бара жатқаныңа алаңдайсың. Өзіңнің қанша бел-белестерден асқаныңды ойша топшылайсың. Таусылмас тірлікте Алла берген өлшеулі ғұмырыңның таяп қалғанын сезесің. Алланың берген тағдырының сағаны тартқан «балалық» атты тәп-тәтті сыйын қас пен көздің аралығында өткеріп тастағаныңа мұңаясың. Есейе келе санандағы естеліктің парағын ашып, балалық шақтардың иісін, дәмін сезінгендей боласың.

Иә, балалық шақ сағыныш екен... Атқан таңның құзырымен, батқан күннің қызығымен көшеде асыр-салып, доп қуып, сақа ойнаған алаңсыз күндеріңді сағынады екенсің. Кеш бата ойынға құмарлығымыз басылмаса да, әсерлі ойын еді, енді оны ертең жалғастырармыз деп, үйді-үйге тарасып, ертеңіне басқа ойынның шымылдығын ашатын күндер де сағыныш болып қалады екен.

«Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінде еңбектеп, шаруа қуған озар» деген әкемнің арқалы сөзіне, анамның «қайтесің баланы мазалап, мына бейбіт шақта алаңсыз ойнасын, біз көрмеген балалық шақтың қызығын көрсін» деп мені жүптеген сөзін арқа тұтып зыр жүгіріп ойнап кететінмін. Сүйтіп зырылдап жүгіріп құлайтын, құлап қалғаннан кейін жылайтын сәттерді сағынады екенсің. Жара-жара, кір-кір болып кешкі асқа сүйретіле жетіп, дастархан басында ұйықтап қалатын кештерде сағыныш екен.

Қазір құлағаннан кейінгі жара, бала күндегідей емес... Өйткені есейген адам жүгіріп құлай алмайды, сүрініп құлайды. Жүгіру, сүріну екі ұғым! Бала кезімде жүгіріп те, сүрініп те құлап алған жараға қалақайдың жапырағын жапсырып, әрі қарай ойнап кете беруші едім. Қазір қаншама сүрініп жатсаң да, өмір соқысынан есеңгіреп жатсаң да есейген адам жылай да алмайды екен...

Ауылда өткерген балалық шаққа не жетсін?! Балғын шағыңда өзіңді үлкен адамдай сезінетін кездер болатын. Үлкен іс тындырғандай болатынсың. Ал балалықтың қызық сәттерін майын тамызып айтсаң да тауысып бітіре алмайсың. Өйткені ол тұнып тұрған дастан, жанып тұрған әфсәнә! Ауызды толтырып айтатындай көп бетті новелла. Иә, сондықтан балалық шағыңның әр сәттерін жүрегіңде сақтайсың және оны жүрек иесі – өзің ғана оқи аласың.

Өзімнен кіші болса да, үлкен болса да, жасына қарамай кез келген баланың бәрімен ойнай беретін күндерімді сағындым! Анам айтушы еді: «Достарыңмен тату бол. Ертең бір-біріңе сүйеу болып өсесіндер. Бірақ ойынға салынып кетпей ара-тұра үйдің шаруасына да көмектес» деп құлаққа құйып қоятын. Бірақ ол сөз құлақты шулатса да, түбіне бармайды-ау. Бала жүрек бұл сөздерді қабылдаса да, ойын баласымын ғой ол кезде. Бала көңіл ойнамауға қалай шыдасын?! Өйткені, көңілді ойынға деген құмарлық сезімі жеңіп кететін!

Иә, бала кезде болашаққа арманмен құлаш ұрып, арманымен қанатымды сермеп, қиялыма ерік беріп, балалық шақпен қимай-қимай қоштасқаным есімде.

Уақыт зырғып біз 9-10-сыныпқа жеткенде балалықтан бозбалалыққа өтіп, ақылымыз толысып, армандауға кірістік. Қызға қырындау да, сөз айту, хат жазудың бәрі осы кезде басталды. Кеш болса клубқа барып, қыздарды жағалап, оларды үйлеріне шығарып салғанға мәз боламыз. Бұл енді басқа әңгіменің тақырыбы...

Қазір ауылға барған сайын ойнап жүрген бала көрсем, ойынға қосылып кеткім де келеді. Аяғымның табанының іздері қалған көше ойынын ынтығып көріп, қызығып кетемін. Сүйтіп қуанғым келеді, күлкіге қарық болғым келеді. Сонда да өз қатарластарыңсыз бір түрлі екен. Өйткені құрдастарым қазақ жерінің әр түкпірінде жүр ғой. Әлде орта жастан асып бала болып ойнағым келетіні ақымақтығымнан ба екен, әлде балалық шақты сағынғандықтан ба екен?!.

Әке-анам «сен қанша жасқа келсеңде біздің алдымызда әрдайым бала болып қала бересің» деп айтушы еді. Расында аузымнан балалық дәм әлі кетпеген-ау деймін. Осы жазғандарым көңілімдегі ескі естеліктер, парағымдағы алтын естеліктер, сәулелі естеліктер. Бала боп тек қана ойын қумадым. Арманым алға жетелейтін. Қиялым қияндарға шарықтататын. Есейгім келетін. Есейдім. Енді қайтымсыз үдеріске қайта оралғым келеді, бірақ орала алмаймын.

Бір кезде ойын баласы едім, енді немерелерімнің атасына айналдым. Бірақ балалық арманым орындалды деп айта аламын ба, егер әлі де бала болғым келсе.

Қазір мен балалық арман, қиялдарым сызып берген бел-белеспен жүріп келемін, ол бітпетпейтін шетсіз-шексіз болса екен деймін...

Бірақ, оқтай ағып өтер мына ғұмырда алаңсыз балалыққа жетер ештеңе жоқ екен?! Шіркін - ай, сағыныш екен ғой балғын кез!!!

* * *

ӨМІР КЕЗЕК

Өміріміздің әрбір күнінде әртүрлі қателіктер жасап, оны өзіміз байқамай жатамыз. Мүмкін, кейбір жанның жүрегіне жазылмас жара салған да болармыз. Мүмкін, кекшілдік пен өшпенділікті ойлап, қатыгездікке ұрынып, кешірімділікті де ұмытқан болармыз. Мүмкін, мүмкін... Істеген қателігіңе кешірім сұрау даналығың болса, кешірім сұрған адамды кешіре білу имандылығың болар. Өйткені өмірдің алма кезек екені есте болу керек.

Ашуыңды сабырмен тоқтатсаң – ол сенің рухани жеңісің. «Сабыр-иманның жартысы», - деген бабаларымыз. Рухани жеңіске шыдамдылығыңды тәрбиелеу арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Расында біреуге айтқан сөзің де, істегенің де алдыңа айна қатесіз келуі ол Алланың үкімі. Саған келмесе де, балаңа келеді. Алланың жазып берген тағдырынан ауытқи алмайсың өйткені сенің өзгеге істеген жақсылығың да, жамандығың да тағдырыңа жазылып, түбі бір өзіңе оралады.

Балаларыңның басына бақ қонып, қызметі өрлеп халыққа пайдасы тиіп, балаларыңа халық ақниет тілеп жатса, ол сенің өзгеге істеген жақсылығыңның оралымы деп ойла.

«Біреуге ор қазба, өзің түсесің» дейді бабам қазақ. Ал егер балаларыңның жолы болмай сәтсіздікке ұшырап, ісі жүрмей, өмірден соққы алып жатса өзгеге істеген жамандығың, айтқан жаман сөздерің, орынсыз айыптауларың, жала жапқаның, қысқасы, өзге біреуге істеген жамандығыңның оралғаны деп біл.

Жақсы адамның бір жылы сөзі көңіліңді көкке көтеріп, сені бақытты қылса, ал бір ауыр сөз көңіліңді күл етіп, өмірден түңілдіріп жіберуі мүмкін...

Сондықтан өміріміздің әрбір сәтін бақытқа, шаттыққа бөлеп, жүректерді ауыртпай жүрейік. Жанымызға жақын жандарды ренжітпей, бақытты болайық, басқалардың да бақытты болғанын тілейік. Бұл дүниеде Адамның тағдыры Тәңірдің құзырында!

Ерсін ЕРҒАЛИЕВ.
Қаратал ауылы.

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 22 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН

4:50 ОЛИМПИАДА - 2016.ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖАБЫЛУ САЛТАНАТЫ 7:00 ОЛИМПИАДА - 2016. Еркін күрес Іріктеу кезеңі (Ерлер) 10:00 ОЛИМПИАДА - 2016 Олимпиада ойындарының жабылу салтанаты 12:10 ОЛИМПИАДА - 2016 Бокс Финал (Ерлер, әйелдер) 14:20 ОЛИМПИАДА - 2016 «Олимпиада жүлдегерлері» 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «Әйел бақыты» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ» 18:05 «СУРАЙЯ» Т/х 19:00 ОЛИМПИАДА - 2016. КҮНДЕЛІК (17-күн) 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016.«РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 20:20 «Айтуға оңай...» 21:05 «Әке» Т/х 22:00 «КЕЛІН» Т/х 22:55 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО төрінде» 23:10 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 23:45 KAZNEWS 0:30 ОЛИМПИАДА - 2016 «Олимпиада жүлдегерлері»

ХАБАР

04:50 Закрытие Летних Олимпийских игр-2016 в Рио-де-Жанейро 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:05 «Сиқырлы ас үй» 11:40 «Экономкласс» 11:50 «Тағдыр тартысы» 12:20 Т/х «Тракторшының махаббаты» 13:10 Закрытие Летних Олимпийских игр-2016 в Рио-де-Жанейро 16:20 «Подари детям жизнь» 16:25 Т/х «Тікелей эфир» 16:55 «Подари детям жизнь» 17:00 Т/с «Агенты справедливости» 17:50 «Біздің үй» 18:35 «Тағдыр тартысы» 19:05 Т/х «Тракторшының махаббаты» 19:50 «ЕХРО - энергия будущего» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/с «Такая работа» 22:15 Т/с «Осколки» 23:10 «Тағдыр тартысы» 23:45 Қорытынды жаңалықтар 00:15 «Сотқа жеткізбей» 00:45 «Өмір сабақтары» 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 01:55 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТІNА» 11:35 «ӘН ДАРИЯ» 12:25 «ӘЙЕЛ СЫРЫ…» 13:25 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 Т/с «УЗНАЙ МЕНЯ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «РОДИНА» 19:00 Т/с «СРЕДСТВО ОТ РАЗЛУКИ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТІNА» 0:00 «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА» Т/с 2:00 «П@УТІNА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 09.00 «О самом главном» 10.30, 13.30, 16.30, 19.45 Вести-Москва 11.00, 23.50 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.50 Выборы 2016 г. Дебаты 17.30 «Прямой эфир». 20.00 Т/с «Весной расцветает любовь» 02.00 Т/с «Семейный детектив»

СЕЙСЕНБІ, 23 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «ТОБОТ» М/х 10:50 «Әке» Т/х 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «Әйел бақыты» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 Тәуелсіздікке 25 жыл «ТАБЫС СЫРЫ» 18:20 «СУРАЙЯ» Т/х 19:15 ОЛИМПИАДА - 2016.«РИО ТӨРІНДЕ» 19:30 KAZNEWS 20:20 «Айтуға оңай...» 21:05 «Әке» Т/х 22:00 «КЕЛІН» Т/х 22:55 ОЛИМПИАДА - 2016 «РИО төрінде» 23:10 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 23:40 KAZNEWS 0:25 «Болашақ әлем» Д/ф

ХАБАР

07:02 «Әсем әуен» 07:15 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:05 «Магия кухни» 11:35 «Подари детям жизнь» 11:40 «Тағдыр тартысы» 12:15 Т/х «Тракторшының махаббаты» 13:05 Т/с «Королева игры» 14:00 Т/с «Развод» 15:00 М/с «Фархат» 15:50 «Подари детям жизнь» 15:55 Т/х «Тікелей эфир» 16:40 «Тағдыр жолы» 17:10 «ЕХРО - энергия будущего» 17:15 Т/с «Агенты справедливости» 18:00 «Біздің үй» 18:45 «Тағдыр тартысы» 19:10 Т/х «Тракторшының махаббаты» 19:50 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/с «Такая работа» 22:15 Т/с «Осколки» 23:10 «Тағдыр тартысы» 23:45 «Арнайы хабар» 00:10 Қорытынды жаңалықтар 00:40 «Сотқа жеткізбей» 01:10 «Өмір сабақтары» 01:40 «Әр үйдің сыры басқа» 02:15 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТІNА» 11:35 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 12:25 «ӘЙЕЛ СЫРЫ…» 13:25 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 Т/с «УЗНАЙ МЕНЯ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 Т/с «СРЕДСТВО ОТ РАЗЛУКИ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТІNА» 0:00 «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА» Т/с 2:00 «П@УТІNА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 09.00 «О самом главном» 10.30, 13.30, 16.30, 19.45 Вести-Москва 11.00, 23.50 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.50 Выборы 2016 г. Дебаты 17.30 «Прямой эфир». 20.00 Т/с «Весной расцветает любовь» 02.00 Т/с «Семейный детектив»

БЕЙСЕНБІ, 25 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «ТОБОТ» М/х 10:55 «Әке» Т/х 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «Әйел бақыты» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Қазақстан ғаламдық антиядролық қозғалыстың көшбасшысы» 18:15 «АГРОБИЗНЕС» 18:35 «СУРАЙЯ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «Айтуға оңай...» 21:05 «Әке» Т/х 22:00 «КЕЛІН» Т/х 22:55 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 23:30 «Қазақстан ғаламдық антиядролық қозғалыстың көшбасшысы» 23:50 ФУТБОЛ УЕФА ЕУРОПА ЛИГАСЫ Плей-офф раунды 2-матч БАТӘ (Беларусь) - «АСТАНА» (Қазақстан)

ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:05 «Магия кухни» 11:35 «Подари детям жизнь» 11:40 «Тағдыр тартысы» 12:15 Т/х «Тракторшының махаббаты» 13:00 Т/с «Королева игры» 13:55 Т/с «Развод» 14:55 М/с «Фархат» 15:45 «Подари детям жизнь» 15:50 Т/х «Тікелей эфир» 16:35 «Әр үйдің сыры басқа» 17:10 «ЕХРО - энергия будущего» 17:15 Т/с «Агенты справедливости» 18:00 «Ду-думан» 19:10 Т/х «Тракторшының махаббаты» 19:55 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/с «Такая работа» 22:15 Т/с «Осколки» 23:10 «Тағдыр тартысы» 23:45 Қорытынды жаңалықтар 00:15 «Сотқа жеткізбей» 00:45 «100 бизнес-тарихы» 01:05 «Қайсар жандар» 01:35 «Әр үйдің сыры басқа» 02:05 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТІNА» 11:35 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 12:25 «ӘЙЕЛ СЫРЫ…» 13:25 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 «УЗНАЙ МЕНЯ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» 16:40 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:50 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 «СРЕДСТВО ОТ РАЗЛУКИ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТІNА» 0:00 «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА» Т/с 2:00 «П@УТІNА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:10 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 09.00 «О самом главном» 10.30, 13.30, 16.30, 19.45 Вести-Москва 11.00, 23.50 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.50 Выборы 2016 г. Дебаты 17.30 «Прямой эфир». 20.00 Т/с «Весной расцветает любовь» 02.00 Т/с «Семейный детектив»

ЖҰМА, 26 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «ТОБОТ» М/х 10:50 «Әке» Т/х 11:45 «Айтуға оңай...» 12:30 «БОЛАШАҚ ӘЛЕМ» Д/ф 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «Әйел бақыты» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «ИМАН АЙНАСЫ» 18:15 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 18:35 «СУРАЙЯ» Т/х 19:30 KAZNEWS 20:20 «Айтуға оңай...» 21:05 «Сәлем, Қазақстан!» 22:30 «КЕЛІН» Т/х 23:25 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 23:45 KAZNEWS 0:30 «Болашақ әлем» Д/ф

ХАБАР

07:02 «Бұйымтай» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:05 «Сиқырлы ас үй» 11:35 «Экономкласс» 11:45 «Тағдыр тартысы» 12:20 Т/х «Тракторшының махаббаты» 13:10 Т/с «Королева игры» 14:05 Т/с «Развод» 15:05 М/с «Фархат» 15:55 «Подари детям жизнь» 16:00 Т/х «Тікелей эфир» 16:45 «Әр үйдің сыры басқа» 17:20 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:25 Т/с «Агенты справедливости» 18:15 «Ду-думан» 19:10 Т/х «Тракторшының махаббаты» 19:55 «ЕХРО - энергия будущего» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Сильные духом» 21:00 Итоги дня 21:30 Т/с «Такая работа» 22:15 Т/с «Осколки» 23:10 Сейдолла Бәйтерековтің «Жан досым» атты ән кеші 01:00 «Тағдыр тартысы» 01:30 Қорытынды жаңалықтар 02:00 «Сотқа жеткізбей» 02:30 Қорытынды жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ…» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:15 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 11:10 «П@УТІNА» 11:35 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 12:25 «ӘЙЕЛ СЫРЫ…» 13:25 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 14:20 «ТОЙ ЗАКАЗ» 14:50 «ЕРАЛАШ» 15:15 Кино «ВОЛГА - ВОЛГА» 17:30 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:40 «ЕВРАЗИЯ ЛОТО» 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР» Т/Х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 23:40 «П@УТІNА» 0:00 «ТРИ АККОРДА» ФИНАЛ 2:00 «П@УТІNА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 3:50 «САПА БАҚЫЛАУДА» 4:40 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

РОССИЯ 1

04.00, 08.15 «Утро России» 08.00, 10.00, 13.00, 16.00, 19.00 Вести 09.00 «О самом главном» 10.30, 13.30, 16.30, 19.45 Вести-Москва 11.00, 23.50 Т/с «Каменская» 13.55 Т/с «Тайны следствия» 16.50 Выборы 2016 г. Дебаты 17.30 «Прямой эфир». 20.00 Т/с «Весной расцветает любовь» 01.50 Т/с «Семейный детектив»

СЕНБІ, 27 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН

7:00 KAZNEWS 7:45 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:30 М/ф 9:00 «Сенбілік таң» 10:05 «Әзіл әлемі» 12:00 «АС БОЛСЫН!» 12:35 «Әндер мен жылдар» Концерт 14:25 «Судағы із» Т/х 18:15 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ» 19:30 KAZNEWS 20:05 «Үздік әндер» 21:00 «ДАРА ЖОЛ» 22:30 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ» Күнделік 22:40 Кино «Эвелин» 0:15 KAZNEWS

ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:00 «Әсем әуен» 08:50 «Қызық times» 10:00 «Продвопрос» 10:25 М/ф «Путешествия Жюля Верна» 10:50 М/ф «Спасти Землю» 12:10 Кино «Пятеро друзей» 13:35 «Жанды дауыс» 15:35 «Тур де Хабар» 16:05 Т/х «Сүйген жарым» 17:55 Сейдолла Бәйтерековтің «Жан досым» атты ән кеші 19:45 «Бенефис-шоу» 21:00 Дайджест новостей 21:15 Кино «Шестой день» 23:00 Т/х «Ұзақ жол» 00:30 Қазақстан театры

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:10 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 8:00 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:35 «П@УТІNА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «ТАНГО МОТЫЛЬКА» 11:35 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112 НЕДЕЛЯ» 12:25 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 13:25 «ТОЙ БАЗАР» 14:25 «П@УТІNА+» 15:15 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 16:15 Кино «ДРУГАЯ СЕМЬЯ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 22:15 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 23:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 0:00 Кино «ВОССТАНИЕ ПЛАНЕТЫ ОБЕЗЬЯН» 2:00 «112 НЕДЕЛЯ» 1:40 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 2:40 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 3:25 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 4:30 «ТАҢҒЫ ПОШТА»

РОССИЯ 1

03.50 Х/ф «Я подарю себе чудо» 05.45 «Диалоги о животных» 06.40, 10.10, 13.20 Вести-Москва 07.00, 10.00, 13.00, 19.00 Вести 07.20 Россия. Местное время. 08.25 «Утренняя почта» 09.05 «Сто к одному» 10.20 Международный конкурс молодых исполнителей популярной музыки «Детская новая волна - 2016» 13.30 Х/ф «Чего хотят мужчины» 15.25 Х/ф «Потому что люблю» 19.35 Х/ф «Не того поля Ягода» 23.40 Х/ф «Однажды преступив черту» 01.40 Т/с «Марш Турецкого-3»

ЖЕКСЕНБІ, 28 ТАМЫЗ
ҚАЗАҚСТАН

7:00 KAZNEWS 7:35 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 9:00 «БҮГІН ЖЕКСЕНБІ» 11:15 «БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ» 12:00 «Сәлем, Қазақстан!» 13:20 «Ұлы дала баласы» Күнделік 13:30 «Дара жол» 15:00 «Судағы із» Т/х 18:50 «Әзіл әлемі» 20:00 «АПТА. KZ» 21:00 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ» 21:15 «ҰЛЫ ДАЛА БАЛАСЫ» 22:30 «Серпіліс» 23:15 Кино «Дүние жарық» 0:30 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Тамаша» 08:15 «Әсем әуен» 08:30 «Айбын» 09:00 «ТВ Бинго» 10:00 «Ас арқау» 10:25 Сказки братьев Гримм «Золушка» 11:30 Кино «Пятеро друзей»-2 13:00 «Жанды дауыс» 15:00 «Ұлытаудың ұлымын» 16:50 Т/х «Сүйген жарым» 18:40 «Қызық times» 19:45 «Бенефис-шоу» 21:00 Дайджест новостей 21:15 Кино «Миллионер из трущоб» 23:10 Т/х «Ұзақ жол» 00:40 Қазақстан театры

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 7:45 «ТАҢҒЫ ПОШТА» 8:20 «П@УТІNА» 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 «КАЗЛОТО» 10:55 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 12:00 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 12:45 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 13:45 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 15:00 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!» 16:00 Кино «В ЧАС БЕДЫ» 20:00 «АНАЛИТИКА» 21:00 «П@УТІNА+» 22:00 «ТОЙ БАЗАР» 23:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/Х 0:00 «КЛУБ ВЕСЕЛЫХ И НАХОДЧИВЫХ» Летний кубок в Сочи (2014) 2:15 «П@УТІNА+» 3:00 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/Х 3:45 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 4:35 «ТАҢҒЫ ПОШТА»

РОССИЯ 1

04.00 Х/ф «Девять признаков измены» 06.00 Мульт утро 06.30 «Сам себе режиссер» 07.20, 03.15 «Смехопанорама» 07.50 «Утренняя почта» 08.30 «Сто к одному» 09.20 Вести-Москва 10.00, 13.00, 19.00 Вести 10.20 «Смеяться разрешается» 13.20 Х/ф «Таблетка от слез» 15.15 Х/ф «Верни меня» 21.00 Х/ф «Эхо греха» 23.00 Х/ф «Обратный билет» 01.00 Х/ф «Южные ночи»

Дөңгелек үстел

ҚОҒАМҒА ТӘРБИЕЛІ ӘРІ АДАМГЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ МАМАНДАР ҚАЖЕТ

Ағымдағы жылғы 10 тамызда Петропавл қалалық әкімдікте Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментімен «Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қызметін жүзеге асырудағы қызметтік этика және жоғары рухани-адамгершілік ахуал» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылды.

Кездесуге облыстық сот, Ішкі істер департаменті, ТЖ Департаменті, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мамандары, Петропавл қ. мемлекеттік атқарушы органдарының басшылары, бірқатар аудандардың және БАҚ өкілдері қатысты.

Жиынды ашқан модератор – облыстық Мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы F.C. Тұрсынбаев, аталған кездесу Министрліктің 2016 жылға арналған қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмысты ұйымдастыру жөніндегі кешенді жоспары, сонымен қатар сот және құқық қорғау органдарындағы жемқорлықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық шаралардың ведомствоаралық жоспары аясында өткізіліп жатқандығын атап өтті.

Алғаш болып Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы Д.Қ. Тайшабай «Мемлекеттік қызметшілер тәртібінің моральдық-этикалық нормаларын нормативтік-құқықтық реттеу мәселелері туралы» тақырыбында баяндама жасады.

Мәселен, жаңа Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Дулат Тайшабайдың мәліметі бойынша а.ж. басынан бері ішімдікті асыра пайдаланып, қоғамда жат мінез-құлық танытқан бірқатар қызметкерлер әкімшілік жауапкершілікке тартылып үлгерді.

Азаматтардың құқығын және заңды мүддесін қорғау бойынша жұмысты жүзеге асыру кезінде сот органдарындағы моральдық-адамгершілік ахуалды қалыптастыру туралы облыстық сот төрешісі С.Ж. Ғабдуллин баяндады.

СҚО ІІД басқармасының бастығы полиция полковнигі Қ.Қ. Дәулетбеков болса, қызметтік этиканы қалыптастыру, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу және жою бойынша жеке құрам қатарында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды.

«Біз тұрақты негізде қызметтік тәртіптің бұзылуына жол бермеу үшін рейд шараларын өткізіп тұрамыз. Мысалы, үстіміздегі жылы автокөлік құралдарын мас күйде айдаған 5 қызметкерді анықтадық. Нәтижесінде олар теріс қылықтары үшін қызметтік тергеу және Тәртіптік комиссия шешімдерінің қорытындысы бойынша ішкі істер органдарынан аластатылды», - деді Қапез Қазиұлы.

Ведомстволық мұндай тәсілдемесін қош көрген Ғалым Тұрсынбаев кінәлілер қатаң түрде жазаға тартылуы тиіс деген пікір білдірді.

«Кейбір мемлекеттік органдар бос ескертулермен ғана шектелуде. Мұндай тұлғаларға қатысты жазаның қатаң түрін қарастыру қажеттігі жайында Әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарында да қаншама мәселелер көтерілген болатын. Менің ойымша рөлге мінген масқұнем – қылмыскер. Ал мұндай бұзушылыққа мемлекеттік қызметші тарапынан жол беру тіпті ұят. Өздеріміз заңды бұзсақ халықтың сенімінен қалай шығамыз? Сондықтан, айыпты қызметкерлерге қатысты тиісті жаза қолданылмаса, олардың тікелей басшыларын жауапкершілікке тартуға мәжбүр боламыз», - деді Ғалым Сұлтанұлы.

Бұл пікірмен СҚО ІІД бастығы полиция генерал-майоры Б.С. Біләлов та келісті. Оның айтуынша қоғам мен мемлекетке тек кәсіби мамандар емес, адамгершілігі жоғары, мемлекеттік билікті халыққа жоғары деңгейде жеткізе алатын тәрбиелі тұлғалар қажет.

Дөңгелек үстел жұмысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің инспекторы С.Н. Зайцеваның мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы және «Жемқорлыққа қарсы бірінші медиа - орталық» РҚБ облыстық филиалының жетекшісі А.О. Жанқұшевтың азаматтардың құқығын және заңды мүддесін қорғау мәселесіне мемлекеттік емес сектордың атсалысуы жөніндегі баяндамалары тыңдалды.

Кездесу соңында қатысушылар мемлекеттік қызмет жүйесінің беделін және халықтың сенімін арттыруға бағытталған, аталмыш шараны облыстың барлық мемлекеттік органдарында өткізу қажеттігі туралы бірқатар ұсыныстарды енгізді.

Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

СОЛТҮСТІК ӨҢІРДЕ БИЗНЕСКЕ АИТВ ӘСЕР ЕТПЕЙДІ

«15-49 жастағы тұрғындар арасында АИТВ-инфекциясының таралуы» көрсеткіші бойынша Қазақстан бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексінің (ҚЖИ) рейтингінде АИТВ-инфекциясы аз таралуына байланысты бірінші орындардағы сәтті елдердің тобына жатады.

Осыған қарамастан ЖИТС орталығының мамандары өңірде ішкі жалпы өнімдердің едәуір бөлігін айқындайтын ірі және орта бизнес басшыларымен қазіргі кезде Қазақстанда, оның ішінде солтүстік өңірде АИТВ бизнеске қатты әсер етпейтінін түсіндіріп, ҚЖИ бойынша түсіндіру жұмысын жүргізеді.

Ол үшін ақпараттандырудың әртүрлі түрлері қолданылады. Бұл хаттар тарату, БАҚ-та басылымдар шығару, теледидар мен радиода сөз сөйлеу, кәсіпорындар мен ұйымдардағы еңбек ұжымдарында іс-шаралар өткізу.

Татьяна САЙКИНА,
ЖИТС облыстық орталығының дәрігер-әдіскері.

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	18/08 БС	19/08 ЖМ	20/08 СН	21/08 ЖК	22/08 ДС	23/08 СС	24/08 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+25 +16	+26 +17	+22 +14	+20 +13	+21 +12	+22 +13	+24 +14
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		739	738	739	740	742	738	738
Желдің бағыты		С-Ш	С	С	С-Ш	С-Ш	С-Ш	С-Ш
Желдің шапшаңдығы		2	3	4	4	3	3	3

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ұстаз мерейі

ҰСТАЗЫМЫЗДЫҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫ

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім –мектептің жүрегі» деп ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, ұлағатты ұстаздардың алдында барлық адам баласы бас иеді, құрмет тұтады.



Қарапайым жұмысшыдан ел билеуші адамдарға дейін ұстаздан білім нәрімен сусындаған, тәлім-тәрбие алған. Ұлы даланың өскелең ұрпағына жарқын болашаққа бағыт сілтеп, жолын айқындауда аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкәрім Абайды, жыр алыбы Жамбыл Сүйінбайды өзіне пір тұтқандай, әр оқушының жүрек түкпірінде аяулы ұстазына деген алғысы шексіз болады. Осы орайда бізге Сырымбет орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін ұстазымыз Шынғожин Жанат Қажыбатырұлы жайлы сөз қозғағымыз келеді.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деген ұлы ақын Абайдың сөзін өмірлік ұстанымы ретінде таңдаған ұстазымыздың әр сабағы өзінше қызықты, әр сабақта білім көкжиегімізді кеңейте отырып, адамгершілік, рухани құндылықтарды негізге ала отырып, жан дүниемізді де көркейте түседі. Өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайтын Жанат Қажыбатырұлының әр сөзі, әр ісі байыппен орындалады, бізге де сондай талаптар қояды. Біздердің тіл жағынан сауатты, білімді болуымызды, әдебиет жағынан жан- жақты, өнерлі, көркем сөз шебері болуымызды алдына мақсат еткен ұстазымыздың үмітін талай рет ақтап та шықтық. Аудандық Абай, Мағжан, Кәкімбек Салықов, Махамбат оқуларының, «KATEV» олимпиадасының, облыстық әндер байқауының жүлдегерлері атанып, мектеп мерейін асқақтаттық. Біздің жеткен жетістіктеріміз – ұстазымыздың төзімділігінің, сабырлығының еңбекқорлығының жемісі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады» дегендей, ұлттық, адамзаттық құндылықтарды бойымызға дарытып, зерделі де зерек, білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуде еңбек етіп жүрген барлық ұстаздар қауымының алдында бас иеміз. Алдағы уақытта Жанат Қажыбатырұлына қиындығы мен қуанышы қатар жүретін ұстаздық жолда білімді шәкірттер ұшыра беруін тілей отырып, еңбегінің жемісін көруін тілейміз.

Сырымбет орта мектебінің 7 «А» сынып оқушылары.

Жаныңда жүр жақсылар

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 71 жыл өтсе де, ол зұлмат соғыс халық жадынан ешқашан ұмытылмақ емес.

Егіндіағаш ауылынан да елін жаудан қорғау үшін ер азаматтар түгел аттанды. Сол соғыста 57 ер азамат ел үшін, Отан үшін шайқасып, жер жастанды, елге оралмады. Сол боздақтарға арналған ескерткіш тақта ауыл ортасында тұр, онда сол соғыстан оралмаған 57 азаматтың есімдері жазылған. Жылда 9 мамыр күні мектеп оқушылары сол ескерткішке гүл шоқтарын қойып, елге тыныштық, бейбітшілік сыйлаған боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алып, митинг өткізеді.

Биылғы жылы шілде айында сол жерге ауылымыздың тумасы Сәдуақасов Тұрар Нәжкенұлы Ұлы Отан соғысынан елге аман-есен Жеңіспен оралған, елде еселі еңбек етіп, бар өмірлерін ауылымыздың гүлдену жолында аянбай тынымсыз еңбек еткен азаматтардың есімі жазылған ескерткіш тақта әкеліп орнатты. Бұл, әрине, өте өрелі іс! Кейінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге, тәрбие. Ескерткіш тақтада соғыста болып, аман-есен елге оралған 40 шақты азаматтың есімдері жазылған. Өткенді еске алмай, тірі байымайды дегендей Тұрар Нәжкенұлының бұл ісі кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге.

Тұрар Нәжкенұлы Сәдуақасов – Қазақстанның құрметті энергетигі, жоғары білімді азамат. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып отырған өнегелі отбасы. «Азаматына қарап, елін таны» - демекші осы Егіндіағаш елінің тумалары Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы, Бәйтенов Айдарбек Ағзамұлы да өздері өсіп-өнген елдерін естерінен шығармайды. Сырымбет Қайрошұлы ата-бабалар жатқан қорымға тас қойып, құран оқытты. Ауыл зиратының қақпасын сырлау үшін сыр әкеліп бар көмектерін аяған емес. Ал Айдарбек Ағзамұлы болса, ауыл көшелеріне электр жарығын орнатты. Бұл олардың елге деген жанашырлығы, көмегі. Сонымен бірге «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - демекші қарапайым азамат Қоқанов Қалымтай аудан орталығы Саумалкөлде тұрса да, еліміздегі істен шығып қалған құдықты іске қосып, қаншама отбасын ауызсуға кенелтіп отыр. Қыста мал суарып, ауызсуға пайдаланып отырған отбасыларының алғыстары шексіз.

Осындай ер азаматтар барда, еліміз көгеріп көктей береді. Жоғарыдағы есімдері аталған азаматтарымызға зор денсаулық, отбасы бақытын, еңбектерінің жемісін көріп, ұзақ ғұмыр тілей отыра, ауыл тұрғындары атынан алғысымызды білдіреміз.

Нұрғайша ЕРЕЖЕПОВА,
ҚР білім беру ісінің үздігі.
Егіндіағаш ауылы.

Акция

«ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП»

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке және отбасы, аналық, әкелік және балалық мемлекеттің қорғауында болып табылады.

Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, оның саулығы үшін қажетті, мемлекеттік-қатысушылар балаға осындай мейірімділік және қорғауға міндетті және осындай мақсатта барлық тиісті заңнамалық және әкімшілік шаралар қабылдайды.

Балалардың құқығын бекітетін маңызды заңнамаларға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдердің үйлері туралы» және т.б Қазақстан Республикасының заңдары.

Заңнамамен пайдалану немесе дөрекі сөлесу, психологиялық немесе дене зомбылық сияқты барлық түрлерінен балаларды қорғау үшін құқықтық жағдайлар құрылды, сонымен қатар оның тұлғасына жақындамау, оның ары мен намысына қол сұқан баланың құқығы үшін ересектерге жауапкершілік орнатылды.

Осылайша, Қазақстан Республикасында қауіпсіздікті алдын алу және балаларға қатысты зорлықпен күресу профилактикасында кешенді жақындауды қамтамасыз ететін саясат іске асырылуда. Атап айтқанда, білім ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, білім беру ұйымдарының оқушылары арасында құқық бұзушылықтар мен оқу мекемелерінде қауіпсіздік шараларын аяқтауды ескерту, барлық республика бойы ағымдағы жылдың 10 тамызынан 20 қыркүйек аралығында «Қауіпсіз мектеп» акциясы өткізілуде. «Қауіпсіз балалық шақ!» акциясының ұраны барлық іс-шараларды өткізу кезінде негіз болатын принцип болып табылады.

Республикалық акция мақсаты балалар мен ата-аналарға және жұртшылыққа мектептегі, отбасындағы, көшедегі, ауладағы, лифттердегі, кіреберістердегі, су көздерінің маңындағы, жол үстіндегі, көліктегі қауіпсіздік ережелерін ескерту болуы тиіс. Сондай-ақ, алғашқы көмек көрсету амалдарын және шұғыл қызметтер телефондарын білгені жөн.

Солтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасы.

ТЖ департаменті хабарлайды

ДИҚАНДАР НАЗАРЫНА!

Агроқұрылымдар дала жұмыстарын жүргізген кезде өртке қарсы мына шараларды ұмытпағандары абзал:

- оруға келіп қалған егін алқаптарын күзету керек;
- егін алқаптары мен шабындыққа шығарылатын ауыл шаруашылығы техникалары өрт сөндіретін жабдықтармен қамтамасыз етілуі тиіс;
- далаға уақытша тігілетін қосын егін алқаптарынан, қырманнан, мая шөптерден, тағы басқалардан 100 метр алыс орналастырылғаны жөн. Дала қосынының, жанармай қоймасы мен техника тұрағының айналасы ені 4 метрден кем емес жолақпен жыртылуы тиіс;
- дала қосындарын су қорымен, өрт сөндіргіш құралдарымен, күрек және сыпырғыштармен қамтамасыз ету керек;
- егін алқаптары және оның маңында от жағуға, темекі шегуге рұқсат етпеу қажет;
- дала қосындарында және пішен мен сабан маялайтын учаскелерде темекі тартуға арнайы орын бөлу қажет.

СҚО ТЖ департаменті.

Тұрғындарға жадынама

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызғылт») және шекті («қызыл») деңгейлері орнатылуы мүмкін.

Бірқалыпты деңгейде келесі іс-әрекеттер ұсынылады:

Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерінің оғаштығына және сыртқы түріне, иесіз күдікті заттар мен автокөліктерге назар аудару.

Барлық күдікті жағдайлар жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлау.

Полиция тарапынан белсенді көңілге түсіністік білдіріп, оларға көмек көрсету.

Күдікті заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшін қабылдамау.

Күдікті заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады.

Жанұядағы кәрілер мен балаларға барлық табылған иесіз заттар олардың өміріне қауіп төндіретіндігін түсіндіру.

Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнінде хабардар болу.

Жоғары деңгейде ұсынылады:

Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу.

Полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жеке куәлікті немесе басқа да құжаттарды ұсыну.

Қоғамдық ғимараттарда болғанда өрт кезінде қолданатын қосалқы шығу есіктерінің және көрсеткіштердің орналасуына көңіл аудару.

Тұрғын үйлердің маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөліктерге көңіл аудару.

Аса пішінді заттарды өзімен бірге тасымалдаудан бас тарту.

Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын талқылау.

Шекті деңгейде бірқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын іс-әрекеттерден басқа ұсынылады:

Тұрып жатқан үйдің тұрғындарының кезекшілігін ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөліктердің пайда болуына көңіл бөлу.

Террористік қауіптіліктің деңгейі орнатылған аудандарға жол жүруді кейінге ауыстыру.

Эвакуацияға дайындалу.

Терроризм актісі жасалған орында дүрбелеңдікке берілмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсірілім жүргізбеу.

Теледидар немесе радиоқабылдағышты үнемі қосылған күйі ұстау.

Терроризм актісінің қауіпі жөнінде жалған ақпаратты таратпау.

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Мұқашев Жеңіс Ботабайұлы** әр аптаның сәрсенбі күндері сағат 14.30-дан 17.30-ға дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Украин ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Ар-намыс кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар.

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8(71533) 24-182 сенім телефоны** қызмет етеді.

САТЫЛАДЫ

* **ШҰҒЫЛ!** Малдануға немесе етке 15 бас қой сатамын.
Әлжан ауылы. тел: 52-250.
Нұртай Бимендин. **(3-1).**

"Айыртау–Информ" ЖШС
ОФСЕТТІК, ГАЗЕТТІК.
қағаздар
сатады
Тел. 79-0-04

Володар көмір базасы
"УМАР.KZ" ЖШС
ҚАРА-ЖЫРА
- сұрыптық;
- тұтынушылық;
- қарапайым.
ҚАРАҒАНДЫ
КӨМІРЛЕРІН
сатады
Тел. 93-5-50.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ

Тілші Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА
Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл. пошта:airtau_tany@mail.ru

Индексі 65844. Таралымы 1575, № 1169 тапсырыс

Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде 30.05. 2008 жылы есепке қойылған. Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады.

Газетте жарық көрген оқырман пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.

«Айыртау таңы» газетінің электронды түрі интернетте мына мекенжай бойынша орналасқан: http://az.ivest.kz